

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясы**

**КСЕУБАЕВА ЛӘЙЛІМ АБАЙҚЫЗЫ**

**КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН  
АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**«6М030300-Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша  
заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға диссертация**

**Ғылыми жетекші:**

Арнайы заң пәндері кафедрасының  
доценті А.М. Алибекова,  
заң ғылымдарының кандидаты,  
кіші әділет кеңесшісі

---

**Қосшы, 2020**

### **Түйіндеме**

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі негізгі тараудан, алты бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен және қосымшадан тұрады. Қылмыстық құқықта кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы, оның алдын алу жолдары күні бүгінге дейін өзекті мәселелер қатарында. Себебі, кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстылығы жалпы қылмыстылықтың аса қауіпті түрі. Бүгінде қалыптасып отырған жағдай кәмелетке толмағандарды қылмысқа итермелейтін факторлар мен жағдайларды зерделеу керектігін, оның алдын алу субъектілерін айқындап, тиісті алдын алу шараларын қарастыруға қажет етеді. Осыған байланысты кәмелетке толмағандар қылмыстылығының қылмыстық-құқықтық мәселелері зерттеліп, оларды заңнамалық тұрғыда жетілдіруге ұсыныстар берілген. Зерттеу жұмысының тұжырымдамаларын құқықшығармашылық қызметте, ғылыми-зерттеу қызметінде пайдалануға болады.

### **Резюме**

Диссертационная работа состоит из введения, двух основных разделов, шести подразделов, заключения, списка использованных источников и приложения. На сегодняшний день проблема преступности несовершеннолетних в уголовном праве остается актуальной. Так как преступность несовершеннолетних является особо опасным видом общеуголовной преступности. Сегодня складывающаяся ситуация требует изучения факторов и условий, способствующих совершению преступлений несовершеннолетних, определения субъектов его профилактики и принятия соответствующих профилактических мер. В этой связи изучены уголовно-правовые проблемы преступности несовершеннолетних, даны рекомендации по их законодательному совершенствованию. Выводы исследовательской работы могут быть использованы в нормотворческой и научно-исследовательской деятельности.

### **Summary**

The dissertation consists of an introduction, two main sections, six subsections, a conclusion, a list of sources used and an application. Today, the problem of juvenile delinquency in criminal law remains relevant. Since juvenile delinquency is a particularly dangerous type of ordinary crime. Today, the current situation requires studying the factors and conditions that contribute to the Commission of juvenile crimes, determining the subjects of its prevention and taking appropriate preventive measures. In this regard, we have studied the criminal law problems of juvenile delinquency and made recommendations for their legislative improvement. Research concepts can be used in law-making and research activities.

**МАЗМҰНЫ**

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ	
1.1. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының түсінігі мен белгілері .....	11
1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі .....	19
1.3. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себептері мен жағдайлары.....	35
2. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ	
2.1. Кәмелетке толмағандардың алдын алудағы шетелдік тәжірибе.....	46
2.2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын алдын алудың жалпы шаралары .....	60
2.3. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын алдын алудың арнаулы шаралары.....	70
ҚОРЫТЫНДЫ.....	90
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	93
ҚОСЫМША.....	103

**БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР:**

ЖОО – Жоғары оқу орны

ІМ – Ішкі істер министрлігі

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ҚР ҚК – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі

ҚР ҚАЖ – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі

ҚР ҚПК – Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі

НҚА – нормативтік құқықтық акті

БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

ІД – Ішкі істер департаменті

ҚС және АЕК – Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті

УЕО- Уәкілетті емес органдар

## КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыстың арқауына қылмыстық құқық және криминология саласындағы күрделі мәселелердің бірі – кәмелетке толмағандар қылмыстарының алдын алу өзек етілген. Зерттеу жұмысында кәмелетке толмағандардың қылмысқа баруының негізі себептері мен жағдайлары, олардың қылмыстылығының ұғымы мен түрлері, топтастырылуы, кәмелет жасқа толмағандардың Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құқықтық мәртесемі, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары профилактикасының құқықтық және криминологиялық аспектілері, оларды алдын алудың шаралары егжей-тегжейлі сөз болады. Ғылыми еңбек қылмыстық құқық және криминология теориясындағы – кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу жағдайларына және оны жетілдіру тетіктерін зерделеп, егжей-тегжейлі зерттеуге арналған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабына сәйкес адам және азамат өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру барысында басқа адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін бұзбауы тиіс [1].

Өскелең ұрпақта адамгершілікті көзқарастар қалыптастыру, салауатты мінез бен мінез-құлыққа ие жалпы адамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңыздылығына басты назар аударатырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз құқық және өнегелілік идеясы салтанат құратын өркениетті қоғам құрғымыз келетін болса, онда әрбір азамат мектеп жасынан бастап қарапайым негізді игеру қажет» - деп атап өтті [2].

Бүгінгі күні қоғам алдында тұрған әлеуметтік маңызды және өзекті міндеттердің бірі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтармен қылмыстылықтың өсуін төмендету жолдарын іздестіру, олардың алдын алу тиімділігін арттыру болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылық мәселесі біздің мемлекетте өте өткір тұр. Соңғы 8 жылда кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың шамамен 2 есеге (68%-ға) төмендеуі байқалады (2011 ж. – 4108, 2012 ж. – 4670, 2013 ж. – 4284, 2014 ж. – 3561, 2015 ж. – 2944, 2016 ж. – 3337, 2017 ж. - 3156, 2018 ж. – 3156, 2019 ж. - 2824). Кейін тұрақсыз ауытқулар пайда болады: 2012 жылы 16,5%-ға өсу және тағы да 2019 жылы 10,1%-ға төмендеуі байқалады. Жалпы, 2016 жылды қоспағанда, өткен жылдармен салыстырғанда құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған тұлғалар санының көрсеткіштері практикалық түрде бір деңгейде қалғаны және жыл сайынғы төмендеуінің оң үрдісі байқалады

Қылмыстардың басым көпшілігі пайдакүнемдік мақсатта жасалады, кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмыстарының үлесі 91%-ды құрайды. Кәмелет жасқа толмағандармен негізінен ұрлық (1606/1415), тонау (145/507), алаяқтық (103/134) және бұзақылық (258/317) жасалады екен.

Бұған итермелейтін себептер – ол кәмелет жасына толмағандардың жұмыссыз қалуы, оларды жұмысқа тұрғызу мәселесінің тисінше шешілмеуі, өзі ұнататын еңбекпен айналыспау, бос уақытты мазмұнды пайдаланбауы. Мұның бәрі, әлбетте олардың қылмыстық жолға баруына едәуір ықпал етеді.

Қалыптасып отырған жағдай кәмелетке толмағандарды қылмысқа итермелейтін факторлар мен жағдайлардың зерделеу керектігін, оның алдын алу субъектілерін айқындап, тиісті шараларды қарастыруға мұқтаждықты тудырады.

Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстылығы жалпы қылмыстылықтың аса қауіпті түрі, себебі ол өскелең ұрпақтың келешегіне балта шабатын іс-әрекеттердің бірі. Қылмыстық құқықта ол күні бүгінге дейін өзекті мәселелер қатарында.

Кәмелетке толмаған адамдар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылық мәселесі өзінің күрделілігіне байланысты әрқашан терең ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді қажет ететін саласы. Австриялық заңгер Франц Лист осыдан жүз жылдай бұрын Петербургте халықаралық пенитенциарлық съездте айтып кеткеніндей қылмыстық саясаттың екі өзекті мәселелері бар, оларды ешқашан ұмытпау керек: қайталанушылармен күрес және кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын болдырмау.

Кәмелетке толмаған адамдар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылықтың қоғамдық қауіптілігі кәмелетке толмаған тұлғалар жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтардың қоғамға, мемлекетке және жекелеген адамдарға келтіретін зардабының дәрежесі жоғары болады. Олар кейін басқа адамдарды да қылмыс жасауға тартады. Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі де осыған байланысты.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеті.** Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылығына криминологиялық тұрғыдан сипаттама жасау, олардың белгілерін кешенді талдау. Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылыққа баруының себептері мен жағдайларын саралау. Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылығына ерте бастан профилактикалық (алдын алу) шараларын қолдану, олардың тиімділігін арттыру шараларын зерделеу.

Диссертацияның мақсаты – кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жүйесін және оны алдын алу тетіктерін анықтау, зерттеу болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер белгіленген:

- кәмелетке толмағандардың қылмыстылық жасауының себептері мен жағдайларын анықтау;

- Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың құқықтарының реттелуіне талдау жасау;

- кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу шараларын (жалпы, арнайы шараларын) зерделеу.

**Зерттеу объектісі.** Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының профилактикасымен байланысты қоғамдық қатынастар, олардың даму заңдылықтары жұмыстың зерттеу объектісі болып табылады.

**Зерттеу пәні.** Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы профилактикасының еліміздегі қылмыстылықпен күресетін субъектілер қолданатын криминологиялық және қылмыстық-құқықтық құралдар, осы саладағы нормативтік-құқықтық база жұмыстың зерттеу пәні болып табылады.

**Зерттеу тақырыбының осыған дейін зерттелгендік дейгейі.** Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарға қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттағы ықпал ету шаралары көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Отандық ғалымдардың ішінде Е.О.Алауханов, Р.А.Орсаева, Е.И. Каиржанова, З.А. Ажиметова, Т.К. Акимжанов, С.А. Сартаев, С.Б.Бимурзин, Р.Б. Құлжақаева, Б.А.Жетписбаева, және ресейлік заңгер ғалымдар Ю.М. Антонян, Г.А.Аванесов, О.В. Старков, И.И. Карпец, М.М. Бабаев, А.И. Долгова, В.Д. Ермаков және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде осы институттың ерекшеліктерін зерттеуге және оны жетілдіруге қатысты маңызды ұсыныстар әзірленген.

**Зерттеудің әдістемелік негіздері.** Диссертациялық жұмыста жалпы ғылыми әдістер ретінде тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-аналитикалық, сауалнамалық, әлеуметтік әдістер қолданылған.

Зерттеу жұмысын әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Қылмыстық кодексі және өзге де бірқатар нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынды.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.** Зерттеу жұмысында кәмелетке толмағандар қылмыстылығы профилактикасының теориялық-қолданбалы мәселелері, заңдарға енгізілген соңғы өзгертулер ескерілген. Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы сол, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасау себептері, олардың құқықтық мәртебесі, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудың алдын алудың құқықтық аспектілеріне қатысты жасалған ережелер мен қорытындылар криминология ғылымының дамуына үлес қосады.

Диссертациядағы келтірілген тұжырымдар ғылыми-зерттеу қызметінде, «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» және «Криминология» пәндерін және олармен байланысты арнайы курстарды оқыту кезінде арнайы әдебиеттік деректемелер ретінде қолданыла алады, сондай-ақ кәмелет жасқа

толмағандардың қылмыстылығын алдын алудың тиімділігін арттыру мақсатында құқық қорғау органдары қызметінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен бірге, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін құқықтық реттеу, асырылуы зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығына жатады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күресте шетелдік және отандық қылмыстық заңнамаға шолу жасалуын, сонымен бірге кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күресудің қазіргі жағдайына сипаттама берілетінін атап өткен жөн. Зерттеу жұмысында кәмелетке толмаған қылмыскерлердің қылмысқа бару себептері мен жағдайларына криминологиялық талдау беріліп, оның ерекшеліктері айқындалып, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес шараларын жетілдіру жолын анықтауға ұмтылыс жасалды.

Бұл диссертациялық зерттеу кәмелетке толмағандар қылмыстылығының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық негіздерін кешенді зерттейтін дербес ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертацияда кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының дамуына ықпал ететін мән-жайлар жүйеге келтіріліп, олардың шеңбері нақтыланды. Қылмыстық құқық теориясында толық қарастырылмаған және заңнамамен жеткілікті реттелмеген кейбір мән-жайлар аталып, оларға теориялық талдау жасалады. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себептеріне және салдарына қатысты мәселелер ой елегінен өткізіледі. Теориялық ой-тұжырымдаулардың негізінде қылмыстық құқықта кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын болдырмауға бағытталған заңнаманы жетілдіруге байланысты ұсыныстар білдіріледі.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:**

1. Қолданыстағы «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңының 1-бабын «әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмаған - бұл қадағалаусыздық немесе панасыздық салдарынан оның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін не оны тәрбиелеуге немесе бағып-күтуге қойылатын талаптарға сай келмейтін жағдайда болатын не құқық бұзушылық немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасайтын адам» анықтамасымен толықтыру қажет. Бұл осындай кәмелетке толмағандар мен отбасылардың нақты аражігін ажыратуға мүмкіндік береді.

2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу шараларын жетілдіру мақсатында және шет мемлекеттерінің оң тәжірибесін зерделеу нәтижесінде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және



панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңын келесі мазмұндағы баппен толықтыру қажет:

«18-1 бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы шаралары.

1. Құқық бұзушылықтың жалпы профилактикасы мемлекеттік және қоғамдық институттар арқылы кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты туындататын себептерді және құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін немесе олардың жасалуын жеңілдететін жағдайларды анықтауға және жоюға, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыруға және құқықтық санасын дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық шаралар арқылы іске асырылады.

2. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық профилактикасының арнаулы шаралары құқық қорғау және сот органдарының құқық бұзушылықтарды не оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ мінез-құлқы құқыққа қарсы немесе қоғамға жат сипаттағы кәмелетке толмағандарды анықтаған кезде қолданылады.

3. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық профилактикасының жеке шаралары құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілері оларға тәрбиелік ықпал етуге, олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін факторларды жоюға, сондай-ақ құқық бұзушылықтан зардап шеккен немесе осындай болу қаупіне ұшыраған кәмелетке толмағандарға көмек көрсетуге бағытталған. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы құқық бұзушылық профилактикасының арнаулы шаралары қолданыла отырып жүзеге асырылуы мүмкін».

**Зерттеудің ғылыми-теориялық базасы:** зерттеу пәніне тікелей қатысты жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми еңбектері.

**Зерттеудің деректік базасын** нормативтік-құқықтық актілер, анықтамалар статистикалық деректемелер, БАҚ-та жарияланған құқық қорғау органдары жұмысының қорытындысын көрсететін мәліметтер, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шолулары мен хабарламалары құрайды.

**Зерттеудің нормативтік базасын** Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі баптары, Қазақстан Республикасының Заңдары, Кодекстер, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Әшкі сітер министрлігінің ведомстволық актілері, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары, халықаралық-құқықтық актілер және басқалар құрады.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу мәселесі қоғамның қазіргі даму үрдісінде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын

алу және балалардың қараусыз, панасыз қалуын болдырмау туралы» ҚР Заңы ескеріліп талданды.

Зерттеу жұмысында кәмелетке толмағандар қылмыстылығының қазіргі жағдайы, динамикасы, құрылымы және үрдісі, құқық бұзушылық жасауға итермелетін себептік жағдайлар көрсетіледі, кәмелетке толмағандар қылмыстылығының профилактикасының шараларын, субъектілер қызметін жетілдіру бойынша қолданыстағы заң нормаларына ұсыныстар жасалды.

**Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі.** Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері, теориялық ережелері, оларға негізделген ұсыныстар мен тұжырымдар Құқық қорғау органдары академиясының Арнайы заң пәндері кафедрасында талқыланды, сонымен қатар олар халықаралық және ведомствоаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды.

## 1. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

### 1.1. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының түсінігі мен белгілері

Қоғам мүддесі үшін аса ауыр құбылыс – бұл кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы. Әрбір заңды бұзған жасөспірім – елдің болашақ дамуының кем тұсы болып табылады.

*Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы* – ерекшелігі әлеуметтік ортаға, қылмыс жасаған жасөспірімдердің жеке тұлғасына тән қасиеттерге және қолданыстағы қылмыстық заңға байланысты болатын қылмыстылықтың бір түрі.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы ұғымы кәмелетке толмаған тұлғалармен, яғни 14-тен 18 жасқа дейінгі тұлғалар жасалған қылмыстар жиынтығымен байланысты.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына кіші жастағы жасөспірімдердің (10-13 жас аралығында) және жастармен (18-21 және 22-25 жас шамасындағылар) қоғам үшін қауіпті әрекеттердің жасауы ықпал етеді. Мысалы, жасөспірімдер олар қылмыстық жауапкершілікке тартуға болатын жасқа толғанға дейін объективті жағынан қылмыстарға ұқсас, алайда заң бойынша қылмыс болып табылмайтын қоғам үшін қауіпті іс-әрекеттер жасайды [3, 89 б.].

Кәмелетке толмағандардың асқан криминалды белсенділігі жасөспірімдік жастағы тұлғалардың жас ерекшеліктерімен байланысты. Кәмелетке толмағандарда, жастарда қуаты көп болады, олар жаңалық ашуға, осыған дейін беймәлім нәрсені ашуға, инновациялық іс-әрекетті жасап өз ісінің дұрыстығын дәлелдеп беруге ұмтылып тұрады. Өкінішке орай, қазіргі кезде кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы түбегейлі жоюға келмей тұрған әлеуметтік құбылыс болып табылады, алайда мемлекет болып, қоғам болып қылмыстылықтың осы түрінің өсіп-өршіп кетпеуіне, яғни кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын тежеуге бағытталған барлық шараларды қолдануға болады және қолдану керек.

Кәмелетке толмағандардың қылмысы жалпы қылмыстың білгілі бір құрамдас бөлігі болып табылады, бірақ өзінің ерекшеліктері болғандықтан, бұл кәмелетке толмағандар қылмыстылығын криминалогиялық зерттеудің дербес объектісі түрінде қарауға мүмкіндік береді. Осындай қажеттілік кәмелетке толмағандардың *психикалық, адамгершілік және соматикалық* дамуының ерекшеліктеріне, олардың толық әлеуметтік жетілмеуіне байланысты болып келеді. Кәмелетке толмаған адамның адамгершілік

калыптасуы кезінде тәжірибесінің жинақталуы, оның ішінде теріс қылықтарының да, ол сырттай байқалмауы немесе кешірек көрініс беруі мүмкін.

Мемлекет кәмелет жасқа толмағандар қылмыстылығының алдын алуға, балалардың бақылаусыздығымен, жасы үлкен құқық бұзушылардың балалар мен кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына теріс ықпалымен күреске ерекше назар аударып отыр [4].

Он төрт жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар бір жағынан әлеуметтендірудің жеткілікті жоғары деңгейіне жетеді (*оларда дербестік, табандылық, өз мінез-құлқын бақылау, өзін-өзі ұстау қабілеті пайда болады*), екінші жағынан – жеке тұлғаны одан әрі әлеуметтендіру жүреді (*мектепте немесе техникумда оқыту жалғасады немесе аяқталады, қоғамда өз орнын түсінеді, тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесі жинақталады*). Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексіне сәйкес «қоғамға қауіп төндіретін әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке қылмыс жасағанға дейін жасы он алтыға толған тұлға тартылады». Сонымен қатар кәмелетке толмаған қылмыстың қоғамдық қауіпін түсінетін кезде, қылмыстық жауапкершілікке он төрт жастан тартылатыны аталған Кодекстің 15-бабында анықталған [5].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы ересектер қылмыстылығымен тығыз байланысты болады. Кәмелетке толмағандарды қылмыстылық әрекетке тарту кезінде ересектер оларды арандату жолымен, олардың тілегінен тыс қылмыстылық әрекетке тарту, олардың сенгіштігі мен білместігін пайдалану жолымен жүзеге асыруы мүмкін.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстылық әрекетке тарту оларға физикалық немесе психикалық ықпал ету арқылы (алдау, қорқыту, уәде ету, қауіптендіру, күш көрсету, есірткі қолдану т.б.) қылмыс жасауға итермеллеуі мүмкін. Мұндай жағдайда қылмыс әрекеті нақты жасалған сәтте, қарастырылатын қылмыстың құрамы жоқ болған кезде аяқталды деп саналады.

Кәмелетке толмағандады қылмыстылық әрекетке тарту әртүрлі болуы мүмкін: қылмыстылыққа қызығушылығын тудыру, кәмелетке толмағандар арасында әңгімелер, түрлі кештер ұйымдастыру, қылмыстылық әрекетке жататын әртүрлі тапсырмалар беру арқылы да іске асырады.

Мұндай жағдайларда заң кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы және адамгершілікке жат кәсіпке тартуда ересектердің белсенді ықпалы болу-болмағанын қарастырады.

Әдетте кәмелетке толмағандар қылмыстылығының келесідей ерекшеліктері болады:

- 1) көптеген қылмыстардың кенеттен жасалауы;
- 2) асқан жасырындылық;

3) отбасы ішінде жасалатын және тұрмыстық сипаттағы қылмыстар деңгейінің *(жәбірленушілер – кәмелетке толмағанның отбасы мүшелері немесе отбасыға жақын адамдар)* жоғары болуы т.б.

Қазіргі кездегі кәмелетке толмағандар қылмыстылығына тән белгілер келесідей:

- қылмыстылықтың өзіндік детерминация элементтерінің болуы: қылмыстық іс-әрекеттердің күшеюі, криминалды тәжірибенің жинақталуы және кәмелетке толмағандардың іштей қылмыстық белсенділігін онан әрі жалғастыра беруге даярлығы;

- қылмыстық қайталанушылығы мен кәсіби қылмыс жасаушылыққа бейім болуы: кәмелетке толмаған тұлғаның өмір сүру үлгісі қылмыстарды жасаумен тығыз байланысты болған кезде, сонымен қатар, кәмелетке толмаған қылмыскер өзінің криминалды іс-әрекеттерін қылмыстық деп емес, қоғамда сұранысқа ие кәсіби айналысушылықтың бір түрі деп білген кезде немесе аталған мақсатқа, яғни қылмыстық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға ұмтылғанда;

- кәмелетке толмаған тұлғалар өмірінің криминогендік деңгейі;

- кәмелетке толмағанның әлеуметтенуіне қоғамда орын алатын жағымсыз құбылыстардың әсер етуі;

- қылмыстық заңнаманың үнемі өзгеріп тұратын криминогендік ахуалға бейімделуінің тиімсіздігі;

- кәмелетке толмағандар қылмыстарын алдын алуды ұйымдастыру барысында туындайтын міндетерге қол жеткізудің тиімсіздігі (алдын алу субъектілері қолданатын алдын алу шараларын дифференциациялаудың кәмелетке толмағандардың ерекшелігі есепке алып жүзеге асырылатын нақты жүйелілігінің болмауы).

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына ерекше қатыгездік, өз құрбандарына деген асқан батылдық сынды қасиеттер тән. Әдетте жасөсіпшілер өз қылмыстық ниеттерін топ болып жүзеге асырады, көптеген жағдайда пайдакүнемдік, бұзақылық ниеттерді басшылыққа ала отырып әрекет етеді, олар құрдастарының арасында өз беделін арттырғысы келеді, көптеген жағдайларда ашуланшақтыққа бой алдырады.

Атап өткендей, кәмелетке толмағандар қылмыстылығына тән ерекше белгілерінің бірі – **қылмыстардың топ болып жасалуы**. Топ болып жасалатын қылмыстарға айтарлықтай қатыгездік және жіберленуші аямаушылық сынды қасиеттер тән. Оған кәмелетке толмағандардың күнделікті әлеуметтік ортасы және жеке девиациялар ықпал етеді *(БАҚ-да қатыгездікті, күш қолдануды және опасыздықты қалыпты құбылыс ретінде көрсетіп бейнелеу, білім беру мекемелерінде тиісті деңгейдегі құқықтық тәрбиенің болмауы, бос уақытты өткізуге арналған мекемелердің дамымағандығы немесе ақылы, яғни көптеген балалар үшін қол жетімсіз болуы)*. Аталған мән-жайлар кәмелетке

толмағандарды топтар болып ұйымдасуына және топ шеңберінде қылмыс жасауға жағдайлар жасайды.

Осы орайдакәмелет жасқа толмағандар қылмыстылығымен байланысты проблемаларды зерттеуде олардың жасаған қылмыстылық ерекшелігіне, кәмелетке толмағандардың криминологиялық қылмыстылығының айырмашылықтарына, олардың қылмыстылық мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне аса көңіл аудару қажет.

Соңғы жылдары кәмелетке толмағандар қылмыстылығының төмендеуі байқалғанмен, олар жасаған қылмыстардың басым бөлігі есепке алынбайды. Сондықтан кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың нақты саны бәрімізге мәлім кринималды статистикадан үш-төрт есе рет артады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары агрессивті және катыгездікпенсипатталады. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың қоғамдық қауіптілік деңгейін арттыруға бұқаралық ақпарат құралдарының криминалдық бизнесті ынталандыратын «қазіргі заманғы» қажеттіліктер мен жүріс-тұрыс стилінің үлгілерін (притондар мазмұны, сутенерлік, жезөкшелік, есірткінің таралуы, порнография және басқалар) күштеп таңуына ықпал етеді.

Бұған көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары мен теледидар бағдарламалары, зорлық-зомбылықты көрсету және насихаттау арқылы отандық және шетелдік өндіріс фильмдері тарапынан ойластырылмаған ақпараттық саясат ықпал етеді. Мұнда осы салада қадағалау мен лицензиялауды жүзеге асыратын билік органдары тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігін атап өту қажет. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық мінез – құлқының басқа да себептері-тәж алу, жыныстық қажеттілік, еліктеу, өзімшілдік, ынтымақтастық, өзін-өзі бекіту, әлеуметтік жауапсыздық және жеңіл ой, қоғамнан айыру және оған қарсы тұру.

Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандар бұрын тек ересек адамдар жасайтын қылмыстарды, қылмыстық әрекет түрлерін белсенді игере бастаған. Көптеген жағдайларда ол қылмыстық жауапкершілікке тартуға болатын жасқа толған кезде кәмелетке толмағандар ҚР ҚК көзделген іс-әрекеттерді жасап көріп тәжірибесінің болуына да байланысты.

Кәмелет жасқа толмағандардың басым бөлігі қоғамға қауіпті әрекет жасағанмен, қылмыстылық жасына жетпегендіктен қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Олардың арасында тонау, қарақшылық фактілерімен қатар, әйел зорлау, есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар да етек алуда. ПМ Кәмелетке толмағандардың істері бойынша бөлімшелерінің есебіне сүйенсек, елімізде жыл сайын 3000-3500 аса бала қылмыстық жауапқа тартылатын жасына жетпей қоғамға қауіпті іс-әрекет жасайды екен.

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың бір ерекшелігі – кәмелетке толмағандардың өз қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін суық қаруды және дәрі оқпен атылатын қаруды қолдануы.

Осыдан, кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстар бұдан 10-15 жыл бұрын жасалған қылмыстардан айтарлықтай өзгеше екендігін байқауға болады: адам өлтіру қылмысын, адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру кезінде суық қаруды немесе оқпен атылатын қаруды пайдалану (80-85% жағдайларда); кәмелетке толмағандардың ұстаздарға шабуылдар санының өсуі, құрдастарын ұрып-соғып, оны бейнетаспаға түсіріп алуы және кейін Интернет ғаламторына орналастыру; кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған жаппай төбелестер санының күрт өсуі, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстар санының күрт өсуі [6, 67 б.].

Қазіргі кезде кәмелетке толмаған қылмыскерге тән негізгі ерекшеліктердің, негізгі белгілердің бірі - оқуға деген ниет пен зейіннің болмауы. Қылмыс жасап, жазасын бас бостандығын айыру мекемелерде өтейтіндер арасында өтізілген әлеуметтік сауалнама қорытындыларына сәйкес респонденттердің 78% мектепке баруға ынтасының болмаған деп жауап берген.

Кәмелетке толмағандардың бос уақытта айналысатын негізгі кәсіптері: теледидар қарау, достарымен араласу, музыка тыңдау, ғаламтор желісінде отыру, өте сирек кітап оқу.

ҚР Конституциясының 27-бабына сәйкес, бала мемлекеттің негізгі құндылықтардың бірі бола отырып, мемлекеттің қорғауында болады [1].

Алайда, бүгінгі күні кәмелет жасына толмаған адамдардың өнегелік, құқықтық, дене тәрбиесіне тиісінше көңіл аударылмауда, соның салдарынан жастар арасында кейде аса қатыгездікпен жасалған қылмыстар мен қоғамға қарсы құбылыстар байқалады.

Кәмелет жасқа толмағандар көбінесе ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық және автокөлікті айдап әкету түріндегі меншікке қарсы қылмыстар жасайды екен (шамамен 90%). Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын құрылымдық талдау мүліктік сипаттағы қылмыстар (ұрлық, тонау) неғұрлым кең таралған түрі болып қалуда екенін көрсетті. Сонымен, жалпы қылмыстылықтың үлес салмағының ұдайы өсуі байқалады (2012 ж. – 47%, 2013 ж. – 48%, 2014 ж. – 53 %, 2015 ж. – 51 %, 2016 ж. – 53%, 2017 ж. -54% , 2018 ж. -53%, 2019 ж. – 53%)

Кәмелетке толмағандар қылмысының аз бөлігін денсаулыққа зиян келтіру, зорлау, кісі өлтіру, бұзақылық құрайды. Кейінгі жылдары кәмелетке толмағандар жаңа қылмыстың түрлерін жасайды, олардың ұатарын кепілдікке алу, қару-жарақ, есірткі саудасы, валюталық алаяқтық, компьютерлік қылмыстар және т. б. Көші-қон үдерістерінің күшеюіне байланысты елімізде тұрғын үйі және жұмысы жоқ кәмелетке толмаған мигранттар жасаған қылмыстардан

болатын теріс салдарлар проблемасы өзектілікке ие болады, бұл өз кезегінде тиісті қарсы іс-қимылды талап етеді.

Кәмелетке толмағандар арасында маскүнемдік, есірткі, уытты заттарды пайдалану таралғанын статистикалық мәліметтер де дәлелдейді [7]. Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында есірткіні медициналық емес тұтынудың таралуы ерекше алаңдаушылық тудырады — алғашқы есірткі тұтынудың жас шамасы 13-14 жасқа дейін төмендеді.

Кәмелетке толмағандардың басым бөлігі тиісті деңгейде тәрбие мен білім алмайды, өмір сүру үшін қажетті бағыт-бағдарлардың қандай екендігін білмейтін жасөспірімдер ішімдікке, нашақорлыққа, әлеуметтік апатия, сыбайлас жемқорлық көріністерінің қармауына оңай түсіп қалады. Осындай жағдайлар әрине біздің қоғамымыздың дамуына айтарлықтай алаңдатушылық туғызады.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің арасында өткізілген әлеуметтік сауалнама қорытындыларының мәліметтеріне сәйкес жауап бергендердің 91% қазіргі өмір сүру бейнесін кәмелетке толмағанның жеке басының әлеуметтендірілуіне ықпал ететін бірден бір жағымсыз факторы деп атаған.

Қазіргі кез де кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық, жезөкшелік, маскүнемдік сияқты теріс әрекеттер орын алады. Осы ретте, кәмелетке толмаған адамдардың жеке тұлғасын әлеуметтендіру, олардың құқықтық тәрбиелеуді ғана қажет етіп қоймай, сондай-ақ оларға шынайы көмек көрсету кезінде әлеуметтік-психологиялық ықпал ету мүмкіндігі бар мамандандырылған мекемелер жүйесін құру қажеттілігі бар.

Еліміздегі қылмыстық жағдайдың нашарлауы салдарынан кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық әлі де белең алуда. Бұған тағы себеп кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың отбасындағы қарым-қатынастың бұзылуынан, халықтың едәуір бөлігінің тұрмыстық ахуалының нашарлауынан, қоғамдағы әлеуметтік жікке бөлінудің ұлғаюынан болып отырғандығын ескермеуге болмайды [8, 75 б.].

Қазіргі қоғамды ерекшелендіретін белгілердің бірі — қазақстандық отбасылардың өмір жағдайының нашарлап кетуі және көптеген әлеуметтік топтарда отбасының кәмелетке толмаған баланың өміріне деген бақылау деңгейінің төмендеп кетуі, әлеуметтік жетімдік, аталған құбылыстардың нәтижесінде кәмелетке толмағандардың криминалды көріністері деңгейінің жоғары болуы. Балалардың әлеуметтік дезадаптациясы мен кейінгі өмірде олардың бейәлеуметтік өмір сүру мінез-құлқы нысандары арасындағы байланысы, соның ішінде құқық бұзушылықтардың жасалуы ғылыми түрде дәлелденген. Өкінішке орай, қазіргі кезде кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе лайықты деңгейде орындамайтын ата-аналар саны көбеймесе азаймаған [6, 63 б.].



Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту бойынша шараларды одан әрі жақсарту, республикамызда мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражатпен қаржыландыру қажеттігі туындап отыр.

Жалы баланы тәрбиелеудің маңыздылығын әйгілі педагог А.С.Макаренко былай пайымдаған: «Баланы тәрбиелеу – ол біздің өміріміздегі маңызды саласы болып келеді. Біздің балаларымыз - бұл еліміздің азаматтары. Олар болашақ әкелер мен аналар, олар да болашақта өз балаларын тәрбиелейді. Біздің балаларымыз жақсы әке мен ана, жақсы азамат болып өсулері қажет. Алайда сонымен қатар: балаларымыз – бұл біздің қарттығымыз. Баланы дұрыс тәрбиелеу – бақытты қарттық болса, нашар тәрбиелеу бұл - болашақтағы біздің қайғымыз, әрі көз жасымыз, бұл біздің ел алдындағы және басқа адамдар алдындағы кінәмыз», - деген болатын [10, 26 б.].

Кәмелетке толмағандардың тәрбиелеуі мен дамуының жағдайының, өмір тәжірибесінің жеткіліксіздігі, оларда көбінесе батылдық, достық туралы бұрмаланған, қате ойды қалыптастырады.

Көптеген кәмелетке толмағандар батылдықты - ештеңеден қорықпау қабілеті, қауіпті істерге бару деп түсінеді. Ал шешімділік, олардың пікірінше ойланбай, пікірге салмай әрекет ету. Жалпы тәуелсіз болуды олар – ешкімнен ақыл сұрамай, барлығын өзі шешу деп ойлайды. Қарапайымдылықты олар – көңгіштік, ал тіл алғыштықты – бағыну деп ұғады.

Кәмелетке толмаған қылмыстың орташа статистикалық портреті келесідей:

- жасы 16-дан 17-ге дейінгі кәмелетке толмаған;
- жұмыссыз, орта білімі бар
- бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған,
- қызығушылықтарының, еңбек дағдыларының жоқтығымен, өзінің алдағы тағдырына айырмашылықтарынсыз сипатталатын балалар.

Олар үшін рухани сезімдер мен эмоциялардың дамымауы, тәртіпсіздік, дөрекілік, агрессивтілік, жалқаулық және жалқаулық тән. Оларды тек мақсатты, жүйелі ақыл-ой немесе физикалық дамытуды талап етпейтін жеңіл, ойын-сауық сипатында, өткір сезімді тудыратын іс-әрекеттер қызықтырады.

Кәмелетке толмағандар жасындағы маңызды ерекшелігі идеалға ұмтылу болып табылады. Құқық бұзушы кәмелет жасқа толмаған адам идеалды мораль нормаларына сәйкес келмейді.

Олардың кейіпкерлері көбінесе қарақшылық пен бандитизмге қабілетті күш-жігерді теңестіретіндер болады. Құқыққа қарсы мінез-құлыққа бейім кәмелетке толмағандарда жеке тұлғаның еркі саласының әлсіз дамуы байқалады. Олар өзін ұтауды білмейді, өз көңіл-күйінді басқара алмайды, қажеттілігін реттей алмайды. Осыған байланысты қоғамға қарсы мінез-құлық

формаларын қолдану олар үшін өмір сүрудің жеңіл және ыңғайлы тәсілі болып табылады.

Құқық қорғау органдары, ЖОО-ры, ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері арасында кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының болжамды себептері, оның алдын алудың жолдарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 80 адам қатысты.

Сауалнамаға қатысқан адамдардың жартысынан көбінің (56%) жас мөлшері 31-40 жас, олардың 60%-ы – жұмыс өтілі 10 жылдан асқандар, сұралғандардың 10%-нан астамы – кәмелетке толмаған қылмыскерлермен жиі жұмыс жүргізгендер.

Сауалнамаға қатысқан респонденттер жасөспірімдер қылмысының негізгі себептері ретінде: кәмелетке толмағандардың жұмыспен қамтылмауы – 50%, ересектер тарапынан бақылаусыздық – 38%, жазасыздық – 5%, учаскелік инспекторлардың нашар жұмысы, құқық бұзушылықтың алдын алудың нашар болуы - 4%, сондай-ақ ұсыныс ретінде түрлі үйірмелерге қатыстыруға қаражаттың жеткіліксіздігі – 1,5%, жағдайы төмен отбасындағы балалардың қараусыз қалуы – 1,5 % деп атады.

Балаларға не жетіспейді деген сұраққа 38%-ы - бос уақытты дұрыс ұйымдастырмау, 34% - ата-аналардың назарының жоқтығы, 16%-ы – тәрбие, 11-ы - ата-аналар ұсынатын материалдық игіліктердің жетіспеушілігі, сондай-ақ ұсыныс ретінде 1% - ата-ананың материалдық табысы деп атады.

Балалардың қатыгез болу себептерінің ішінде 37%–ы ата-аналар тарапынан назарды жеткіліксіздігі, 30%-ы - тәрбиенің жоқтығы, 17%-ы – мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдаудың жоқтығы және 16%-ы - кәсіби психологиялық-педагогикалық қолдаудың жоқтығын көрсеткен.

Бас бостандығын айыру орындарынан босатылғаннан кейін кәмелетке толмағандарды қылмысты қайталап жасауға әсер ететін фактор ретінде 53%-ы біздің қоғамда бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды қолдаудың тиісті жүйесінің болмауын, 23% – ы – қайтадан криминалдық ортаның әсеріне түсетінін, 12%-ы – ата-ананың назарының жоқтығын, 12% - ауыр материалдық жағдай деп көрсетті.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс деңгейін төмендетуге ықпал ететін тиімді шаралар ретінде мыналар аталды: кәмелетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастыру жөніндегі орталықтарының жұмысын күшейту - 42%, құқық қорғау органдарының ведомстволарлық өзара іс-қимылын күшейту - 23%, балалардың бос уақытын ұйымдастыру жөніндегі мектеп жұмысын күшейту –23%, БАҚ, теледидар, интернет-ресурстарға қатты цензура енгізу – 14% деп атаған.

Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын алдын алу шараларының жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар: ұрпақ сабақтастығын

сақтау, жастардың құқықтық санасын жаңғырту, балалардың ата-анасымен жұмыс жүргізу, кәмелетке толмағандарды бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, жанұя институтын қолдау сияқты бірқатар ұсынылды.

Қорыта келгенде, кәмелетке толмағандар қылмыстылығының негізгі белгілері мен қылмыс жолына түсуіне әсер ететін факторлар мыналар:

- жасөспірімдердің құқықтық санасының және құқықтық мәдениетінің төмен болуы, дамымай қалғандығы;

- кәмелетке толмағандардың күнделікті әлеуметтік ортасы және жеке девиациялар (*БАҚ-ның теріс әсері, білім беру мекемелерінде тиісті деңгейдегі құқықтық тәрбиенің болмауы, бос уақытты өткізуге арналған мекемелердің дамымағандығы немесе ақылы, яғни көптеген балалар үшін қол жетімсіз болуы*).

- құқық қорғау субъектілерінің қылмыстық аталған түрлерімен алдын алуға бағытталған жұмыстың тиісті деңгейде жүргізілмеуі;

- кәмелетке толмағандардың қалыпты емес, яғни, қылмыстық мінез-кұлқы отбасы субъектілерінің арасындағы қатынас жүйесінің бұзылуының салдары болып табылады;

- ата-аналардың құқыққа қарсы мінез-кұлқы түрлерін қолдану (*авторитарлық, дисгармониялық, жанжалды және әлеуметтік тәрбие үлгісіне теріс тәрбие үлгісін қолдану: ата-аналарының белсенді іс-әрекеттерін де, олардың пассивтік әрекетсіздігін де кейін балалары өзге әлеуметтік топтармен қатынас орнатқан кезде, сыныптастарымен, достарымен, таныстарымен қатынасқа түскен кезде қолдану*:). Қолайсыз отбасыларда жасөспірімдер өздерінің алғашқы криминалды қадамдарын жасауға итермелейтін тәжірибені иеленеді (*ішімдік ішу, нашақорлық дертіне шалдығу, жыныстық қатынастарға тыйым салынбаушылықты қалыпты жағдай деп пайымдау, психикалық девиациялар*),

- қараусыздықтың өсуі. Әлеуметтік жетімдіктің жағымсыз салдарлары өте ауыр болады: жасөспірімдер күнделікті өмірде ішімдік, нашақорлық, қатыгездік, қайыршылық дамыған туған отбасыларынан қашып жатады. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар қаңғыбастыққа, сұрамшақтыққа тап болады. Осындай жағдайларда қылмыстық жолға оңай түсіп кетуге болатын дығы күмән туғызбайды.

## **1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі**

Кәмелет жасқа толмағандардың құқықтық мәртебесі – қоғамның тең құқылы, толыққанды мүшесі ретінде әр адамның иеленетін міндеттері, құқықтары мензанды мүдделерінің жиынтығы болып табылады. Осы тұрғыда,

заңнаманы талдау әрбір нормативтік құқықтық актіні мұқият зерттеуді талап етеді. Жүргізілген талдау кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтық негіздер, олардың профилактикасының құқықтық негізі - ол өз заңдық күші бар әртүрлі нормативтік құқықтық актілер жүйесі болып табылатынын көрсетіп отыр, олардың қатарына мыналар жатады:

1995 жылғы 30 тамызда референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы – осы жүйедегі негізгі құжат болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесіне, сондай-ақ олардың құқық бұзушылықтарының алдын алуға қатысты бөлігінде ұлттық заңнама негізінен халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына, Қазақстанның қатысуымен халықаралық шарттарға және осы саладағы халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілген. Осындай халықаралық шартқа БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 10 желтоқсандағы 40/33 қарарымен қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері). Сонымен бірге кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғауға қатысты қосымша халықаралық шарттар қатарына мыналар жатады:

- Бала құқықтары туралы Конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж.).
- 1959 жылғы «Бала құқығы декларациясы»
- Балалардың өмір сүруін, қорғалуын және дамуын қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік Декларация (Нью-Йорк, 1990 жылғы 30 қыркүйек).
- БҰҰ Бас Ассамблеяның 1990 жылғы 14 желтоқсанда қабылдаған Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерліктің алдын алу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші принциптері (Эр-Риядада қабылданған жетекші принциптер)

Осы ретте Қазақстан ратификациялаған және бекіткен халықаралық шарттар оның заңдары алдында басымдыққа ие болып келеді.

ҚР Конституциясының және халықаралық актілердің жалпы қағидаттары мен нормалары кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алуға бағытталған қолда бар ұлттық алдын алу тетіктерін құруды немесе жетілдіруді көздейтін нормативтік құқықтық актілерде өзінің нақтылануы мен дамуын тапты. Олардың қатарына төмендегілерді жатқызу керек:

Кодекстер:

- «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексі;
- «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Кодексі
- «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Кодексі.

- «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V Кодексі

Қазақстан Республикасының заңдары:

- «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы

- «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдыналу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңы [12];

- «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы [13];

- «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353 Заңы

Қазақстан Республикасы Президенттің Жарлықтары жатады:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы [14].

ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары кәмелетке толмағандардың қылмыстарын, зорлық-зомбылықты және қатыгездікті алдын алуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, өйткені оларда сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсініктемелер беріледі. Олардың қатарына келесі нормативтік қаулыларды жатқызуға болады:

- Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуір № бнормативтік қаулысы [15];

- Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын және қатыгез қарым-қатынасын алдын алуда ведомствоаралық бұйрықтар маңызды рөл атқарады, олардың қатарына мыналар жатқызылуы тиіс:

- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті туралы ереже» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 36 Қаулысымен бекітілген;

- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы.

- «Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағиданы бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 432 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 15 тамыздағы № 9695 болып тіркелді.

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 1098 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 қаңтарда № 12953 болып тіркелді

Аталған нормативтік құқықтық актілер кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, балаларға зорлық-зомбылық пен қатыгездік жасаудың алдын алу жөніндегі қызметті қамтамасыз ететін құқықтық негіз болып табылады.

Сонымен қатар, осындай қомақты нормативтік-құқықтық базаға қарамастан, қолданыстағы заңнама кәмелетке толмағандардың құқықтарын, тиісті профилактикалық жұмысты толық көлемде қамтамасыз ете алмайды. Осы бағытта белгілі бір шаралар қабылданып, қазіргі уақытта қабылданып жатыр.

Сонымен, қаралып отырған салада алдын алу негіздерін қамтамасыз ететін мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттары айқындалған:

-ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы;

- ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы (2011 жылғы 31 наурыздағы № 316);

Осы орайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласында Отбасылық тәрбие институты құрылды, оның негізгі міндеті отбасылық ағартудың бірыңғай жүйесін құру, отбасы тәрбиесі бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау саясатын жүргізуге ықпал ететін әртүрлі әдістемелер мен бағдарламаларды әзірлеу болып табылады. Институт жанында ата-аналарға арналған Педагогикалық білім университеті жұмыс істейді.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілер пәрменді болып, ал алдын алу субъектілерінің жұмысы кәмелетке толмағандармен жұмыс әдістері өзгерген жағдайда ғана тиімді болады деп есептейміз.

Қазақстан заңнамасында кәмелетке толмағандарға қатысты артықшылықты нормалардың болуы мына заңнамалық нормалардан көрінеді.

Бұл институттар ҚР ҚК «кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» деген 6-бөлімінде; ҚР ҚАЖ «кәмелетке толмаған

сотталғандармен бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу» 24-тарауында; ҚР ҚПК «кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу» деп аталатын 56-тарауында реттеледі.

Аталған институттар ерекше, себебі кәмелетке толмаған тұлғаларға нормативтік құқықтық актілердің артықшылықты ережелері қолданылады.

Норманың құнды артықшылығы ретінде растамасы шетелдік тәжірибе болып табылады. Мұндай нормалар шет елдердің нормативтік актілерінде қамтылған: Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексі (V бөлім), Украина Қылмыстық кодексі (15 бөлім), Беларусь Қылмыстық кодексі (V бөлім), Қырғызстан Қылмыстық кодексі (5 бөлім), Латвия Қылмыстық кодексі (7 бөлім), Литва Қылмыстық кодексі (11 бөлім), Швейцария Қылмыстық кодексі (4 бөлім), Болгария Қылмыстық кодексі (6 бөлім).

Кәмелет жасқа толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін бағдарламалық және заңнамалық регламенттеудің бірден-бір жолы - осы салада мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру проблемасына көңіл бөлінбесе, ештеңе бермейді.

Заңнамадағы демократиялық жаңалықтарды мойындау және бекіту олардың құқық қолдану қызметінде барабар жүзеге асырылатынын білдірмейді. Сондықтан заңнамаға енгізілген көптеген өзгерістер мен толықтырулар қабылданған жаңа заңдардың нормалары жиі декларативті сипатта болады және қолданылмайды, не елемейді, не практикада жойылады. Құқық қолдану тәжірибесінің кемшіліктерін халықаралық сарапшылар да көрсетеді.

Бұдан басқа, жалпы адам және кәмелетке толмағандар, атап айтқанда, құқықтарын қорғауға қатысты онда қалыптасқан теріс стереотиптерді құқық қолдану практикасын түбегейлі өзгерту қажет.

Баланың құқықтық мәртебесінің мазмұны ең алдымен Ата заң –Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген және бекітілген құқықтармен және міндеттермен сипатталады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – бұл жүйедегі негізгі құжаттардың бірі болып табылады, онда «неке және отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» [1] деп жарияланған, яғни мемлекет үшін бала аса құнды болып табылатындығы атап көрсетілген (27-б. 1-т.).

Сонымен бірге Атазаңның тиісті бабында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті ретінде» белгіленген (27-б. 2-т.) [1].

Қазақстанда бала мен кәмелетке толмағанның жасына байланысты сипаттамасы заңдық түсініктеме біркелкі болып табылады. Қазақстанда қазіргі кезде кәмелетке толу жасы - он сегіз жас.

Қазақстан құқықтың халықаралық жалпы танылған қағидаттары күзіретін есепке ала отырып, өз заңнамасын Конвенцияға сәйкес жүргізу жөнінде халықаралық міндеттеме алып, посткеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып 1989 жылы БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын бекіткен. Аталған Конвенция жалпы бала ұғымына қатысты «әрбір адам баласы 18 жасқа толғанға дейін, егер осы балаға қолданылатын заң бойынша ол кәмелеттік жасқа бұрынырақ толып қоймаса, бала болып саналады» деген анықтама [11].

Бұған қоса, көрсетілген Конвенцияда баланың белгілі бір құқықтарға ие тұлға екендігі көрсетілді және оған қатысты қорғау мен қамқорлық міндеттелген, яғни «ол–бала туылғанға дейін, сондай-ақ туылған соң да тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, оның тәні мен ақыл-есінің жетілмегендігіне байланысты арнайы қорғау мен қамқорлықты қажет етеді» делінген [11].

Осыған дәлел ретінде 2002 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2-тармақшасында «бала - он сегіз жасқа толмаған (кәмелетке толмаған) адам» екендігі белгіленген [13].

Осы заңмен Қазақстан Республикасындағы баланың негізгі құқықтары мен міндеттері, балалардың мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат айқындалған, сондай саясаттың негізгі мақсаттары ол «балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу; кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету» [13] т.б. міндеттері нақты көрсетілген.

Бұл заңда баланың құқығын қорғаудың негізгі бағыттарымен қатар, олардың заңға қарсы әрекеттер үшін жауапкершілігі де анықталған. Алайда, балалардың қылмыс жасаған уақытта жауапшылығын реттен белгілі бір нормативтік құқықтық база құрылатын болса, ол еліміздегі жалпы қылтектіліктің мәселесін шешуге, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын алдын алуға жақсы жағынан өз ықпалын тигізеді деп ойламыз.

Сонымен бірге, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының заңында да балаға қатысты сондай ұғым, яғни «бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам» (1-б.) деп анықталған [16].

Осыған байланысты «бала» (көпше түрде «балалар») санаты «кәмелетке толмаған» деген жалпы ұғыммен қамтылады.

Бұл тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстанның қолданыстағы заңнамаларында да қазіргі халықаралық стандарттарға жауап беретін, баланың және кәмелетке толмағанның жасына байланысты специфика көрініс тапқан.

Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асыруға қатысты 1985 жылғы 29 қарашадағы БҰҰ-ның ең төменгі стандартты



ережелерінде (Пекин ережелері) кәмелетке толмағандардың шекарасы он сегіз жас деп көрсетіледі, одан кейін «егер ұлттық заңнамамен өзгеше жас белгіленбесе» деген ескерту жасалады [9].

Мұндай түсіндіру әрбір елдің құқықтық, экономикалық, тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін, сондай-ақ кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қарым-қатынаста ең төменгі стандарттарды белгілеу мүмкіндігін ескере отырып, қатысушы мемлекеттердің түрлі ұлттық құқықтық жүйелері шеңберінде ең төменгі стандартты ережелерді қолдану мүмкіндігі үшін қажет.

Кәмелетке толудың жасқа байланысты сипаттамасының айқындалуы әр елде әр түрлі сипатқа ие.

Әлемнің көптеген елдерінде, Қазақстандағы сияқты, кәмелетке толу жасы 18 жаста, басқа елдерде кәмелетке толмағандар 14 (Фарер аралдары), 15 (Индонезия, Иран, Сауд Арабиясы), 16 (Вьетнам, Камбоджа, Куба, Пәкістан), 17 (КХДР, Тәжікстан), 19 (Алжир, Оңтүстік Корея, АҚШ: Алабама, Небраска), 20 (Тайвань, Таиланд, Тунис, Жапония) немесе 21 (Египет, Сингапур, АҚШ: Миссисипи, Пуэрто-Рико) толмаған тұлғалар болып табылады.

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасында отандық заңнамасы қатты дамыды. Қазіргі кезде қолданыста жүрген Қылмыстық, Қылмыстық процестік және Қылмыстық-атқару кодекстері күшіне енді. Қылмыстылықтың алдын алу саласындағы құқықтық және өзге де қатынастарды реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгертулер енгізілген болатын.

Кәмелетке толмағандардың жасына байланысты тән әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері, делинквентті әрекеттері ескеріле отырып, оларға қатысты қазіргі құқықтық реттеу қылмыстық, әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасындағы ерекше нормалар қолданысымен жүзеге асырылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 80-бабына (*Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы*) сәйкес «кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар» танылады [5].

Осы ретте, егер заңнамада көзделген жасқа жеткенге дейін құқық бұзушылық субъектісі ретінде кәмелетке толмаған тұлға келтірген әлеуметтік зиянға сай теріс сипаттағы мәжбүрлеу шаралары оған қолданылмайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі әкімшілік жауапкершілік сияқты «он алты жастан басталады, тек қорғалатын объектілерге қол сұғудың қауіптілігі мен ол объектінің маңыздылығымен негізделген кей әрекеттер үшін он төрт жастан басталады» [5].

Ал, жоғарыда аталған Кодекспен қылмыстық жауапкершілікке заңнамада көзделген қылмыс жасағаны үшін қылмыс жасау сәтінде 18 жасқа толған адам тартылатынаны айқындалған.

«Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі нормативтік қаулысына сәйкес «қылмыстық процесті жүргізуші органдар кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның жасын (туған жылын, айын, күнін) дәл анықтау жөнінде шара қолдануға міндеттенеді. Бұл орайда адамның белгілі жасқа толуы ол туған күні емес, келесі тәуліктен бастап есептелетіні айқындалған. Егер адамның жасын растайтын құжаттар болмаған жағдайда немесе ол құжаттар күмән тудыратын болса, заңнамаға сәйкес сараптама тағайындалып, олар белгілеген жылдың соңғы күні туған күн болып есептеледі. Сондай-ақ, сараптамашылар жастың ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерін жылдар санымен белгілесе (мысалы, 14-тен 15-ке дейін), онда сараптама ұсынған жастың ең төменгі мөлшері есепке алынуы қажет» деп түсініктеме берілген (2-б.) [15].

Қылмыс субъектісі жасына қатысты пікірлер ерте жазбаларда түрліше болғаны белгілі. С. Өзбекұлы: «Жеті жарғы» заңы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту 13 жасқа толғаннан бастап басталғанын пайымдайды. Ал «он үш жаста отау иесі» [18, 26 б.] деген сөз әрбір адам өз әрекетіне жауап бере алатынының белгісі болу керек.

Бұл мәселеге қатысты П.Е. Маковецтің еңбектерінде мына бір мәліметтерге назар аудар аудартады. Оның айтуына бойынша, егер де қылмысты жас балалар жасайтын болса, олар үшін жауапкершілік азаятын көрінеді. Осы орайда баланың ақыл-есінің қандай екенін анықтау үшін сынау практикасы қолданылып отырған [19, 18 б].

Қазақтың әдеттік құқығы жөнінде өзге материалдарда жазалау кезінде айыпталушының жасына көңіл аудармайтыны Игошев К.Е. зерттеуінде Д. Андре жинаған жазбаларда айтылған. Д. Андре материалдарының құндылығы сол, оларды қазақтың білгірлері – ақсақалдар мен билер растап, қолдарын қойып, таңбаларын басып отырған (1864 жыл) [20, 39 б.].

Алайда өткен ғасырдағы орыс зерттеушілерінің жинаған құжаттарында қылмыскердің жасына байланысты өзге пікірлер айтылады.

Мәселен, орыс зерттеушісі С.Самоковсов жариялаған еңбегінде: «Қылмыс жасаған ер балаларға он үш жастан, ал қыз балаларға 9 жастан бастап дәре соғылатын. Бұл жасқа жетпеген балалар шыбықпен шықпыртылатын, бірақ тіптен жас балаларға ешбір жаза қолданылмайды» делінген [21, 16 б.].

Қазіргі кезде әлем елдерінде кәмелетке толмағандардың толық қылмыстық жауаптылық жасы әрқалай белгіленеді. Ол әдетте он сегіз жасқа толғанда басталады.

Мәселен, Польшада қылмыстық жауаптылық жасы он жеті жасқа толғаннан басталады және ол белгілі бір жағдайларда қылмыс сипатына немесе кәмелетке толмағанның тұлғасына байланысты он сегізжасқа толу сәтінен басталады.

Көптеген елдердің қылмыстық заңдарында кәмелетке толмағандар мен балаларға қылмыстың жеке түрлері үшін қылмыстық жауапкершілік көзделгенмен, бұл жастың шегі барлық мемлекеттерде бірдей емес.

Мәселен, Швейцария мемлекетінде қылмыстық жауапкершіліктің бастапқы шегі – 7 жас болса, Жапония елінде – 14 жас, Ұлыбританияда – 10 жас, Латвияда – 12 жас, Польшада – 15 жас болса, Ресей Федерациясында – 14 жас болып табылады.

Он төрт жастан (немесе он бес, он алты) жастан он сегіз жасқа дейінгі қылмыстық жауаптылық ерекше жағдайлармен шектеледі, яғни олар қоғамға үлкен қауіп келтірмейтін қылмыс жасаған болса тәрбиелік әсері бар шаралар қолдаылады дегенді білдіреді (бұл институт Венгрия, Чехия, Румынияда, басқа да бірқатар елдерде бар). Югославия мемлекетінің 1976 жылғы Қылмыстық Кодексіне сәйкес кәмелет жасқа толмағандарды төменгі жастағы кәмелетке толмағандар (ол 14-16 жас деп белгіленген) және үлкен жастағы кәмелетке толмағандар (16-18 жас деп белгіленген) деп бөледі екен.

Осы орайда психология ғылымдарының докторы М.Неймарктың ерте интеллектуалды даму да, дене бітімінің акселерациясы да баланың рухани жағынан дамуының тездетілуіне, өз-өзін саналы басқарудың тездетілуге, жеке қылықтарының мәнін түсінуге әкелмейтіні туралы тұжырымдауының ерекше мәні бар екенін атап өткен маңызды [22, 13 б].

Сондықтан да заң күшінің мүмкіндіктерін толықтай пайдалану арқылы кәмелетке толмаған тұлғаға дұрыс тәрбие беруге, оны оң жолға салуға, олардың құқық пен мораль нормаларын сақтауына аса мән берілуі тиіс деп ойлаймыз.

Кәмелет жасқа толмағандардың әрекетке қабілеттік құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен айқындалады. Осылайша, аталған Кодекстің 22-бабында көзделгендей «он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі мейлінше ауқымды, олар заңды өкілдерінің келісімімен мәмілелер жасай алады» (22-б. 1-т.).

Ал «заңды өкілдерінің келісімінсіз, өз бетінше мыналарды істеуге құқылы:

- өзінің табысына, стипендиясы мен өзге де кірістеріне билік етуге, өздері жасаған интеллектуалдық меншік құқығы бар объектілеріне билік етуге, тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасауға (22-б. 2-т.)

- банкке салымдар салуға және өздері салған салымдарға дербес билік етуге құқылы» екен (25-б. 1-т.)

Сонымен бірге кәмелетке толмағандар Кодекстің ережелері бойынша «өздері жасаған мәмілелер бойынша дербес жауапты болады, өз әрекеттерінен келтірілген зиян үшін жауапты болады» (22-б. 4-т.)

Осымен бірге, жасы он алтыға келген кәмелетке толмаған адам, егер ол еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін болса немесе заңды өкілдерінің келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, толығымен әрекетке қабілетті деп жариялануы мүмкін (22-1-б. 1-т.) [23].

Осылайша, кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігінің ерекшеліктерінің, сондай-ақ балалардың азаматтық құқықтық қатынастарға қатысу механизмін қамтамасыз ететін басқа да институттардың ҚР азаматтық кодексінде бекітілуі балалардың құқықтық жағдайын құқық субъектісі ретінде мәлімдеп қана қоймай, сонымен бірге Қазақстанның құқықтық жүйесін құрайтын халықаралық актілерге сәйкес кәмелетке толмағандардың құқықтарын толығымен жүзеге асыруға және қорғауға жағдай жасалынуы дәлелі.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу мәселесі ҚР Конституциясымен, халықаралық құқықтық нормаларымен, сонымен қатар «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңымен [12] заңнамалық түрде реттеледі.

Бұл заңнамалық актіге сәйкес Қазақстанда құзыретті органдар қызметі кәмелетке толмағандар арасында панасыздықтың, қадағалаусыздықтың және де қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу қызметін жүргізеді, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Бұл ретте, «егер кәмелетке толмаған бала ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті оқыту, тәрбиелеу және өзге де мекеме педагогтарының, тәрбиешілерінің және басқа да қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан не оның үйден немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз бетімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған жағдайда қадағалаусыз қалған бала» [12] деп есептеледі. Ал тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала панасыз қалған бала деп есептеледі.

Аталған Заңға сай «қадағалаусыз қалу деп кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін, олардың мінез-құлқы мен тұрмыс

жағдайына тиісінше бақылаудың жоқтығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс» (1-б.) деп түсініледі [12].

Айта кететін жайт, қолданыстағы «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасын зерделеу кәмелетке толмағанның және өмірлік қиын және (немесе) әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасының ұғымын анықталмағанын көрсетіп отыр. Ал тиімді профилактикалық жұмыс үшін бұл қажет.

Мәселен, «Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесінің негіздері туралы» Ресей Федерациясының 1999 жылғы № 120-ФЗ Федералдық Заңында «..әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмаған - бұл қадағалаусыздық немесе панасыздық салдарынан оның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін не оны тәрбиелеуге немесе бағып-күтуге қойылатын талаптарға сай келмейтін жағдайда болатын не құқық бұзушылық немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасайтын адам (1-бап)» [24] деп айқындалған.

Осыған ұқсас ұйғарымдарды жоғарыда аталған «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңына да енгізу қажет деп санаймыз, өйткені бұл осындай кәмелетке толмағандар мен сондай отбасылардың нақты аражігін ажыратуға мүмкіндік береді.

Жалпы құқық бұзушылық профилактикасы, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтары профилактикасының субъектілері «Қылмыстық құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-тарауында көрсетілген [25].

Осы аталған құқық бұзушылық профилактикасы саласында әрбір субъектінің міндеттері мен құзыреттері анықталған, осылайша:

«Қазақстан Республикасының Үкіметінің құзыреті келесідей:

- құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

- құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі республикалық ведомствоаралық комиссияны құрады және таратады;

- құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің өзара іс-қимылын және олардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

- құқық бұзушылық санының өсуіне әкеп соғатын дағдарыстық демографиялық процестерге жол бермеу, жұмыссыздықтың күрт өсуін және халықтың өмір сүру деңгейінің құлдырауын тежеу жөнінде уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді;

- өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды».

Ал «жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті:

- әкімнің ұсынуы бойынша құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі жергілікті ведомствоаралық комиссиялардың дербес құрамын бекітеді;

- жергілікті бюджеттерді құқық бұзушылық профилактикасына арналған шығыстар бөлігінде бекітеді және олардың орындалуын бақылайды;

- азаматтар мен ұйымдардың осы Заңның нормаларын орындауына жәрдемдеседі;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар:

- құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің өзара іс-қимылын жергілікті деңгейде қамтамасыз етеді;

- құқық бұзушылықтар профилактикасына қатысатын азаматтардың және ұйымдардың есебін жүргізеді, азаматтарды және ұйымдарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту жөнінде шаралар қолданады, оларды көтермелеудің түрлері мен тәртібін айқындайды;

- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі;

- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі сотталғандарды жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі;

- тиісті жергілікті өкілді органдарға құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың дербес құрамын бекіту үшін ұсынады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

- құқық бұзушылық профилактикасы жүйесінің ұйымдарын құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

- өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтердің ұсынылуын ұйымдастырады;

- құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

- азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының құзыреті:

- азаматтарға құқықтық тәрбие беруге қатысады, құқық тәртібінің жай-күйі және ішкі істер органдарының құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыруы бойынша шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

- құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

- қоғамдық тәртіпті қорғауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

- күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

- өздеріне белгілі болған, өзге де құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы осы органдарға хабарлайды;

- қылмыстық қудалауды, пробациялық бақылауды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

- ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша арнаулы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын және пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандардың, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында профилактикалық және жедел-іздігіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етеді

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес сотталғандарға тәрбиелік ықпал етуді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдардың құзыреті

- сыбайлас жемқорлықтың қауіп-қатері туралы халықтың хабардарлығын арттырады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әділет органдарының құзыреті:

- мемлекеттік органдардың құқықтық насихат жөніндегі қызметін үйлестіреді;

- құқық бұзушылық жасауға итермелейтін нормалар қабылдануының алдын алу мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заңдық сараптама жүргізеді;

- өздеріне белгілі болған, құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы осы органдарға хабарлайды;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әскери полиция органдарының құзыреті:

- әскери қызметшілерге құқықтық тәрбие беруге қатысады;  
- құқық бұзушылықтар профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- құқық бұзушылық жасауға бейім әскери қызметшілерді профилактикалық есепке алуды жүргізеді және оларға профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

- әскери бөлімдер және мекемелер қолбасшылығымен құқық бұзушылық профилактикасы бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

- өзге де құқық қорғау органдарына өздеріне белгілі болған, сол органдардың құзыретіне жататын дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлайды;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық қудалауды, іс жүргізуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әскери басқару органдарының құзыреті:

- әскерлерде тәрбие, әлеуметтік-құқықтық және насихат жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асырады;

- құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды, оларды көтермелеу түрлері мен тәртібін айқындайды;

- құқық бұзушылық профилактикасы бойынша әскери басқару органдарында ведомствоаралық комиссияларды құрады;

- құқық бұзушылық профилактикасы бойынша қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;

- жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйін және әскери тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

- әскери полиция органдарына өздеріне белгілі болған дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылықтар фактілері туралы хабарлайды;

- құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шараларды қолданады;

Заңдылықты қадағалау органы ретінде прокуратура органдарының құзыреті:

- құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

- қылмысқа қарсы күресте құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;



- мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады және арнаулы есепке алуды жүргізеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау ұйымдарының құзыреті:

- салауатты өмір салтын насихаттауды жүргізеді;

- наркологиялық, психологиялық, психиатриялық, емдеу-профилактикалық көмек көрсетеді және оны қажет ететін адамдарға медициналық оңалтуды жүргізеді;

- алкоголизммен, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен ауыратын, психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдарды анықтауды, есепке алуды және оларды байқауды жүзеге асырады;

- құқық бұзушылықтан зардап шеккен адамдардың жәрдем сұрауы және оларға медициналық көмек көрсету фактілері туралы ішкі істер органдарына хабарлайды;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті:

- салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

- алкогольдік ішімдіктерді үнемі пайдалануды, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынуды ерте анықтау және олардың профилактикасы әдістемелерін әзірлейді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті - халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге және кедейлікті азайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады;

- халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесудің белсенді нысандарын қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыреті

- өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп құқық бұзушылық жасауға бейім адамдарды дене шынықтыру және спорт сабақтарына тартуға жәрдемдеседі;

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органның құзыреті

- бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық насихат жүргізуді қамтамасыз етеді;

- бұқаралық ақпарат құралдарында құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін жазып-көрсетуге ықпал етеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті, олар:

- білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құқықтық тәрбие беру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

- білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінде заңға мойынсынушылық мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді және оларды білім беру ұйымдарының жұмыс практикасына енгізеді;

- өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілері арасында құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі іс-шараларды өткізеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» [25].

Осымен бірге, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі республикадағы балалардың жағдайы туралы жыл сайынғы баяндама дайындайды. Баяндаманың негізгі мақсаты-Қазақстандағы балалар құқықтарының ахуалы туралы, сондай – ақ балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған шаралар туралы ақпараттандыру.

Баяндамада негізгі индикаторлар бойынша балалар өмірінің негізгі аспектілерін сипаттайтын білім беру, тәрбиелеу, демалыс, бос уақыт, жұмыспен қамту салаларында, денсаулық жағдайын, балалардың тамақтануын, әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша ақпарат ұсынылады.

Баяндама бала құқықтарын сақтау саласында жағдайды жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтиды..

Айта кететін жайт, 2016 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елімізде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды. Уәкілдің ерекше мәртебесі сол, ол қандай да бір ведомствоның, ұйымның немесе министрліктің құрылымына кірмейді және лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарға есеп бермейді.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың, оның ішінде неғұрлым осал топтарға жататындардың (даму ерекшеліктері бар балалар, қолайсыз отбасылардағы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар немесе өмірде қиын жағдайларға тап болған, заңмен шектеліп қалған балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың атынан әрекет етеді және олардың мүдделеріне ғана әрекет етеді [26, 336 б.].

Норманың құнды ретінде артықшылығының растамасы шетелдік тәжірибе болып табылады. Осыған ұқсас институт Ресей федерациясында (РФ Президенті жанындағы Ресей құқық жөніндегі уәкіл 2009 жылғы 1 қыркүйектен бастап), Украинада, сондай-ақ Польша, Хорватия, Литва, Швеция және т. б. бірқатар мемлекеттерде бар.

Қорыта келгенде, бүгінгі күні алдын алу қызметін жүзеге асыратын әр түрлі субъектілердің іс-әрекеттерінде ведомствоаралық бытыраңқылық пен келіспеушілік әлі де бар. Осы орайда ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі немесе тиісінше ұйымдастырылмауы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуінің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғаумен айналысатын, олардың тәрбиесі мен жұмысқа орналасуына жауапты мекемелерді бақылайтын ұйымдардың мәртебесін көтеру қажет, сонда ғана олар қоғамнан өз орнын табады, өздерін қоғамның толық мүшесі ретінде сезінеді.

Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу мекемелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық-экономикалық тетіктерді жетілдіруді талап етеді.

### **1.3. Кәмелетке толмағандар қылмыстының себептері мен жағдайлары**

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы мәселесі әрқашан халықты алаңдататын мәселе, себебі бүгінгі жасөспірімдер ұлтымыздың, еліміздің ертеңгі болашағы болып табылады.

Соңғы жылдары елімізде кәмелетке толмағандардың қылмыстылық көрсеткіштері айтарлықтай төмендеген жоқ (*2015 жылы – 3338, 2016 жылы – 3343, 2017 жылы – 3156, 2018 жылы – 3156, 2019 жылы - 2824*).

Кәмелет жасына толмағандар арасындағы қылмыстарға алып келетін мінез-құлықты қалыптастыру мен бекітуге отбасылық институттардың бұзылулары, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық даму ерекшеліктері және оларды отбасы мен білім беру мекемелерінің тәрбие және педагогикалық тәжірибесіндегі есепке алудың тиімділігі, жасөспірімдер мен жастардың бейресми топтарының рөлі, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамудың жағымсыз тенденциялары сияқты факторлар әсер етеді.

Баланың адам ретінде, тұлға болып қалыптасуы ең алдымен отбасына байланысты. Жанұя бала өмірінің жағдайын реттейтін орта болғандықтан, ол әртүрлі баланы дұрыс жолға бағыттайтын, оны жат қылықтардан жиркендіретін, өмірдегі тірек, басқаратын күш және де алғашқы тәрбиелік орта болып келеді.

Бала үшін отбасы маңыздылығын А.М. Решетина «Баланы адам ретінде қалыптасуының бастамасы ең кіші әлеуметтік орта – отбасында жүзеге асады» деп атап көрсеткен. Дәл осындай пікірді М.С. Нәрікбаев, С.Х.Жадыбаевтар да қолдаған. [27, 18 б.]

Кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке басын қалыптастыру шарттарының бірі отбасылық қолайсыздық, теріс отбасылық жағдай болып табылады: отбасында қалыпты адамгершілік ортаның болмауы, ата-анасының немесе туыстарының маскүнемдігі, олардың моральды мінез-құлқы және т. б.

Бүгінгі күні балалардың құқықтарын қорғау саласындағы проблемалық мәселелер артта қалып отыр. Осылайша, бірнеше жыл бойы Қазақстанда қолайсыз отбасылардың көрсеткіші тұрақты. Жыл сайын есепте шамамен 10-12 мың жағдайы нашар отбасы тұр, онда 15 мыңнан астам бала тұрады. 2018 жылдың соңында ішкі істер органдарының есебінде 9 137 жайсыз отбасы тұр, онда 14 049 бала тәрбиеленуде [28].

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңымен «тұрмысы қолайсыз отбасы - кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы» (1-б. 10-т.) деп айқындалған [12].

2018 жылы жүргізілген кешенді социологиялық зерттеу нәтижесінде, кәмелет жасқа толмағандар үшін ең маңызды бес құндылық индексі келесідей орын алған: ата-ана – 88%, денсаулық – 80%, қауіпсіздік – 47%, отбасы және дәстүрлер – 36%, сапалы білім – 27% [29, 33 б.] Бұл жерде кәмелетке толмағандар үшін отбасының маңызы зор екенін, жанұядағы жалпы келеңсіз жағдайлар отбасы тәрбиесінің бұзылуына, оның тәртіп жағынан құлдырауына, құқық бұзуға дейін әкелетінін көрсетіп отыр.

Осылайша, кәмелетке толмағандар қылмысының себептік кешенінде негізгі элементтердің бірі ата-аналардың балаларды тәрбиелеуден жалтаруына, отбасының ыдырауына, оларға қатыгездікпен қараумен байланысты отбасылық қолайсыздықтар болатыны сөзсіз.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда бүгінде 92 мыңнан астам бала қамқорлықсыз қалды, оның тек 30%- ы жетім, ал қалғандары ата-аналары тірі, бірақ ата-ананың құқығынан айырылғандар немесе өздері өз балаларынан бас тартқандар.

Осындай балалардың саны үнемі өсуде. Кәмелетке толмағандармен қатыгез (барлық балалар жарақаттарының 70% астамы отбасылық-тұрмыстық сипаттағы) қарымқатынас көріністерінің өсуі байқалады. Алдын ала есептеу нәтижесі зорлық-зомбылық әрбір төртінші отбасында кездесетінін көрсетеді.

Қатыгез қарым-қатынастан сақтану үшін көптеген балалар жанұясынан, балалар үйлері мен интернаттан кетеді, ал осы балалардың 10%-ы осындай қарым-қатынастың нәтижесі өлім болып табылады. Суицид жағдайлары жиі кездеседі [28].

Алғашқы әлеуметтендіру институты ретінде отбасы кәмелетке толмағанның жеке басын қалыптастыру процесінде негізгі рөлге ие. Алайда, әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерінің тұрақсыздығы жағдайында, бүгінгі күні біздің қоғамда орын алып отырған жағдай оның мүмкіндіктері төмендейді.

Оған қоса, қалыпты өмір сүріп, салауатты өзара қарым-қатынасты сақтау қабілетін жоғалтқан отбастарыкриминогендік немесе жанжалды ортаға жиі айналып жатады, қылмыстық сана мен мінез-құлықты қалыптастыру көзіне айналады. Осындай сипаттарға ие бола отырып, отбасылық қолайсыз кәмелетке толмағандар қылмыстылығының өсуіне, сондай-ақ оның жас шегінің он төрттен он екі жасқа дейін төмендеуіне әсер етеді.

Отбасы өміріне зорлық-зомбылықтың енуі нәтижесінде отбасылық тәрбиелеу мүмкіндігі азаяды, балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығы пайда болады; балалар маскүнемдікке, нашақорлыққа, жезөкшелікке тартылады. Қараусыз қалған балалар, әдетте, қаңғыбастықпен, қайыршылықпен және ұсақ ұрлықпен айналысады. Жиі олар әртүрлі қылмыстардың, соның ішінде жыныстық қылмыстардың құрбаны болады.

Жалпы, отбасындағы жағдайдың шиелесуі ең алдымен балаға кері әсерін тигізеді: баланың мектептегі үлгерімі төмендейді, бала ата-аналарға емес, отбасынан тыс, далада құрылған референттік топтарға еліктейді, оларды үлгі тұтады, сол топтар балаға ата-аналарға қарағанда беделді болып көрінеді.

Нәтижесінде жеке тұлғаның қалыптасуында бұзушылықтар орын алып, бұл өз кезегінде кәмелетке толмағанды құқық бұзушылыққа алып келуі, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімдердің және жасөспірімдер қылмысының алдын алуға жауап беретін басқа да органдардың араласуына негіз болуы ықтимал.

Бұл жүйенің үлкен кемшілігі - бұл органдар көбінесе кәмелетке толмағанның әлеуметтік жағдайын өзгертпей, проблеманың шешілмеген себептерін қалдыра отырып, тек салдарға ғана жауап береді [30, 68-70 б.].

Осы орайда, кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу тиімділігін арттыру үшін институционалдық түзетудің басқа да агенттерінің, атап айтқанда отбасылық психологтар мен консультанттардың қатысуы қажет.

Жалпы бала жақсы-жамандықты отбасынан біліп, оның қыр-сырларынан өз бойына сіңіріп өседі. Осыдан болар, кәмелетке толмағандардың жалпы қоғамға, мемлекет пен ұлтқа, еңбекке, өз ана тіліне деген көзқарасы ата-ананың

көрсеткен үлгісіне қарай қалыптасады. Олардың жасаған әрбір теріс қылығы ешуақытта іс-түссіз қалмайды.

Тағы бір айта кететін жайт, отбасының ажырауы да бала өмірінде ерекше криминогендік орын алады. Әлбетте, егер баланың отбасында ата-анасының біреуі болмаса, оған қоса бала саны бірнешеу болса, балаға жалпы жақсы тәрбие беру, олардың жүріс-тұрысын қадағалау мәселесі өте қиынға соғады.

Кез-келген ата-ана баласын нағыз адам болып өскенін көргісі келеді. Осы тұрғыда, мұндай балаларды тәрбиелеп, өсіре білу керек. Балалардың тамағы тоқ, киімі бүтін болса екен деп қана ойламай, оларды рухани өміргесезімталдықпен, зейінмен бағыттап, оларды ұжым, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге тәрбиелей білу керек.

Мұндай жағдайда басты нәрсе ол балаға көңіл бөліп, оған барынша мейірімділік таныту немесе керісінше баланы жатсынып, оны сыртқа тебу ерекше рөл атқарады. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекцияда есепке тұрған он бес мыңға тарта балалардың басым көпшілігі әке-шешенің мейірімділігін сезінбеген. Осының салдарынан олардың пайдақорлық, зорлық-зомбылық сипаттағы қылмыстарға баруына жол берілген.

Барлық ата-ана өз баласын нағыз адам болып өскенін көргісі келеді. Алайда, баланың адам болып қалыптасуы үшін дұрыс тәрбиелеп, өсіре білу керек. Балалардың тамағы тоқ, киімі бүтін деп ойламай, оларды рухани өміргесезімталдықпен, зейінмен бағыттап, оларды қоғам, ұжым алдындағы жауапкершілікті сезінуге тәрбиелей білу қажет.

Мұндайда басты тәсіл – отбасында балаларды тәрбиелеп, жеке тұлғаны қалыптастыруда ата-ана өз балаларына деген талапты, әдепті шын ниеттілікті, балаларының мүддесіне деген ілтипатты болып, қате қадамнан дер кезінде сақтандыра білу маңызды.

Осылайша, бүгінгі таңда құқық бұзушы кәмелетке толмаған, әдетте, қолайсыз отбасыларда тұрады, мектеп сабақтарын жиі өткізеді, ал кейбіреулері оқуды мүлдем тоқтатқан, олардың кейде психикалық және дене саулығында ауытқулары бар, сондықтан, алдын алу қызметінде жетекші рөл заңнамалық жүйені қатаңдатудан гөрі, әлеуметтік институттардың пәрменді жұмыс істеуіне берілуі тиіс санаймыз. Бұл ретте, біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың құқық қорғау тәртібін қалыптастыру бойынша ең үлкен жауапкершілік жүктелетін негізгі институт отбасы болып табылады.

Кәмелетке толмағандар қылмысының маңызды себебі халықтың кедей жіктерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы болды. Елдің барлық халқы тұрмысы нашар деп айтуға болмайды, себебі бұл олай емес. Бірақ кедейлер мен байлардың арасындағы алшақтық айтарлықтай ұлғайды, халықтың кедей жіктерінің жағдайы жиі өтімсіз болады, бұл кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына ең теріс әсер етеді.

Басқа фактор-бұл отбасындағы теріс процестер. Өкінішке орай, отбасы жиі мүмкіндігі болмағаннан емес, кәмелетке толмаған адамға қажетті көмек көрсеткісі келмейді немесе істей алмайды. Сондай-ақ, оның мінез-құлқын бақылап, оған қамқорлық жасай алмай, ақырында, оны жақсы көре алмай жатады.

Бұл жағдайда материалдық қамтамасыз ету факторының іс жүзінде маңызы жоқ. Өйткені, бала үшін бәрін жасап, толық қамтамасыз етіп отырған отбасы: оның мінез-құлқы мен оқуын қадағалайды, оның қалауын және тіпті қыңыр сезімдерін қанағаттандырады, шет тілдерін меңгеруге, спортпен шұғылдануға және т. б. мүмкіндік береді. Алайда, бала үшін ең маңызды бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста махаббат, эмоциялық жылылықты қамтамасыз ете алмайды. Баланың отбасынан бас тартуы, отбасынан кетуі орын алады, олар да (кәмелетке толмаған), отбасы да мұндайды мойындауы да сирек кездеседі. Баланы отбасымен қатыгез қарым-қатынас жасағанда, ұрғанда, қорлағанда, үйден қуып шығарғанда, тамақтандырмағанда, ешқандай қамқорлық көрсетпейді.

Ал әлеуметтік-экономикалық жүйені түбегейлі реформалау жағдайында отбасының әлеуетті мүмкіндіктері, оның өміршеңдігі, құндылықбағдарлары мен әлеуметтік ұстанымдары, балаларға білім беру мен тәрбиелеуге көзқарасы күрделі өзгерістерге ұшырайды, бұл көбінесе бейімделу мүмкіндіктерімен және жаңа жағдайларға бейімделудің табыстылығымен байланысты.

Отбасының төмен бейімделу мүмкіндіктері қадағалаусыздық сияқты құбылыстың таралуына ықпал етеді. Сонымен қатар, әңгіме балалардың мінез-құлқына ата-аналардың формальды бақылауының әлсіреуі туралы ғана емес, отбасының қалыптасқан микроклиматы, ата-аналарға өзінің тәрбие функцияларына қатысты елеулі ақаулар, балалардың әлеуметтік жауапсыздығы, олардың тағдырына немқұрайлығы немесе балалар үшін де осы функцияларды толыққанды орындаудың мүмкін еместігі туралы болып отыр. Сондықтан аса қауіпті жағдайда қалған отбасыларда әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің барлық күш-жігері шоғырлануы тиіс пайымдаймыз.

Баланың жалпы қалыптасуы кезеңінде оған түрлі факторлар мен жағдайлар әсер етіп қана қоймай, ең алдымен оның қызығушылығына, икемділігіне, көзқарасына нәтижесін қалдырады, оның өмірге деген қатынас, сезімін қалыптастырады. Осылардың арақатынасында баланың бойында белгілі бір жеке басының жақсы-жаман жақтарын көрсететін сипаттық қасиеттері дамиды [31].

Кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тартуға ықпал ететін келесі фактордың бірі - оның тұлғалық ерекшеліктері. Көбінесе кәмелетке толмағандардың ата-аналары баланың мінез-құлқының ерекшеліктеріне, оның

темпераментіне дұрыс әсер етпейді, бұл әрине, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуында өз ізін қалдырады.

Кейбір ата-аналар баласының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана жағдай жасауға тырысады. Ата-ананың мұндай қадамы баланың бойында масылдықты, жатып ішер арамтамақтықты қалыптастырады.

Енді бір ата-ана баланы киімге құмар қылып өсірсе, ал үшінші бір ата-ана баласының алдында қалай ұрлағанын немесе қоғам мүлкін қандай жолмен жымқыру жолын, істеген істерін «жайып»салады. Мұндай әрекеттер ата-ананың өз баласының алдында беделінің жоғалуына, баланың ойында құқық бұзушылық әрекеттерді туындатуға әкелуі мүмкін.

Көптеген ата-аналардың «ыңғайлы» бала туралы түсінігі бар, бірақ ол жас ерекшелігіне байланысты жасөспірім оның ойындағы бейнеге сәйкес келе бермейді. Содан кейін ата-аналар тарапынан баланың даралығымен күресі басталады, олар баланың мүдделерін елемей, «ыңғайлы стандартқа» айналдыру үшін оны қайта қалыптастыруға тырысады. Кейіннен балаға деген осындай қарым-қатынас онымен күресу нәтижесіне қарамастан оның жеке тұлғасына кері әсерін тигізеді.

Отбасындағы келеңсіз жағдайлар кейін мектеп кезінде де өзіне жақын адамдармен қақтығысқа түсуіне алып келуі мүмкін. Осы орайда, мектеп дезадаптациясы дакәметке толмағандардың қылмысына әсер ететін басты факторлардың бірі.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесі дағдарысты бастан кешіруде, бұл әсіресе мектепте көрініс береді. Мектептер тәрбиелік сипаттағы мәселелерді басымдыққа қоймастан, кез келген мүмкін құралдарды пайдалана отырып, тәртіпті қолдауды бірінші орынға қояды. Оқушының үлгерімі мұғалімнің балаға деген қарым-қатынасына, оның беделіне, оқудың жеке маңыздылығына тікелей байланысты. Мектепте дезадаптацияның себептері оқу мотивациясының болмауы, мұғалім мен оқушы арасындағы қақтығыстар, сыныптастармен күрделі қарым-қатынастар және т.б. болып табылады [32, 68 б.].

Бала тәрбиесіндегі тағы бір аңғарарлық жайт пайдакүнөмдік-зорлық сипаттындағы қылмыстар жасау себептерінің бірі болып – мектеп тәрбиесіндегі кемшіліктер екен. Білімділік адамның құқықтық, өнегелік, мәдени деңгейінің жоғары көрсеткіші емес екенін аңғаруға болады. Кейбір ата-аналар балалары оқып жатқан мектеппен, ұстаздармен байланысты мүлде жоғалтса, енді бір ата-аналар мектептегі ұстаздармен үнемі жанжалдасып, олардың айтып жатқан кеңестеріне құлақ аспайды. Бұл өз кезегінде, баланың ойында норма ретінде қалыптасып, кері әсерін тигізіп жатады.

Кәметке толмағандар қылмыстылығына себеп болатын тағы бір жағдай - қоршаған ортасы. Мұнда әсіресе бейресми ортаның әсері көп. Мектептен тыс



уақытта көптеген оқушылар ата-анасының қарауынсыз болғандықтан, бақылаусыз өмір кешеді. Бұндай баланың мектептегі сабаққа бармауы, немқұрайлылығы осы бақылаусыздықтан шығады десек, артық айтқандық емес. Ондай балалар көбінесе сыныпта «қиын» балаға, тәрбиеленуі қиындық туғызатын балаға айналады.

Кәмелетке толмағанның құқық бұзушылық жасауына мүмкіндік беретін жағдай өзінен өзі қылмысты тудырмайтын, бірақ жат ықпал деректерінің кедергісіз әсеріне немесе қылмыстық ойды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайлар болып табылады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары кәмелетке толмағандарды еңбекке тәрбиелеу және жұмысқа орналастыру проблемасы шиеленісіп кетті. Кәмелетке толмаған адамның қауіпсіз еңбек жағдайларына және кәсіпті еркін таңдауға құқығын қамтамасыз етуге бағытталған заңнама талаптары барлық жерде орындалмайды. Бұл олардың көпшілігі жұмыс істемейтін және оқымайтындар санатына енуіне әкелді

Балалардың тәрбиесіне деген елемеушілік қарым-қатынас олардың қадағалаусыз қалуына, бақылаусыздығына әкеліп соғуы мүмкін. Бақылаусыздық бұл – кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының негізгі себептерінің бірі.

Кәмелет жасқа толмағандарды тәрбиелеу процесіндегі елемеушілік қарым-қатынас кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Бақылаусыз қалған балалар өздері тұратын жерлердегі кіші топтарға бірігеді, ал ол топтардың қандай іспен айналысатыны белгілі. Ата-аналардың басым көпшілігі сабақтан бос уақытта баласының немен шұғылданып жүргенін, достарының кім екенін, достарының қандай пайдалы іспен айналысатынын білуге ниет етпейді. Осыдан барып, баланың, ата-ана бақылауынсыз тыс қалғанына сенімі артып, құқық бұзушылыққа оңай қадам жасайды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы бақылаусыздық, панасыздық және қылмыстылық себептері жұмыссыздық болып табылатынына көңіл аудару керек. Қазіргі кезде республикадағы жұмыссыздар саны бір миллионнан асып түседі. Көптеген өндіріс кәсіпорындары, зауыттар, фабрикалар жұмысын тоқтатқан. Көптеген балалар материалдық мұқтаждық себебінен балалар бақшасына, мектептерге бара алмайды. Кәсіби педагогтар жалақының төмендігіне байланысты базарларда сауда жасап жүр. Балалар бақшалары мен, балалар кітапханалары коммерциялық құрылымдарға берілген, әрине мұның бәрі өскелең ұрпақты тәрбиелеуде теріс ықпалын тигізіп отыр. Материалдық мұқтаждық себебінен республикада соңғы жылдары панасыз, тастап кеткен, үйсіз балалар саны өсуде [33, 46 б.].

Әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-демографиялық сипаттағы себептер декәметке толмағандар қылмысына әсер ететін бірден-бір факторлардың бірі болып табылады.

Отбасында тәрбиенің жеткіліксіздігі кей ата-аналардың кінәсінен емес, қайта отбасы жағдайының әртүрлі сәттерінің әсер ету жиынтығына байланысты болып келеді: ол отбасы мүшелерінің санында, мәдени-әлеуметтік және материалдық жағдай, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастан бастау алады. Бұлай болудың себептеріне мыналар жатады: олтолық емес отбасылар, төмен материалдық деңгей, көп балалы отбасылар.

Ал қолайсыз отбасында тәрбиеленіп өскен баланың бұзақы болу мүмкіндіктерінің жоғары болуы соншалықты, сондай отбасыдан шыққан кәметке толмаған баланың қоғамға қарсы немесе аморальды бағдар ала алмай, болмаса қылмыстық жолына түспеуі сирек кездесетін жағдайлар [31].

Баланың әлеуметтенуі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға уақыт пен қаражаттың жетіспеуі, тәжірибе немесе қажетті білімнің болмауы девиантты мінез-құлықты дамытуға және бекітуге ықпал етуі мүмкін. Толық емес отбасылардағы әлеуметтік орта ең күрделі болып табылады.

Аталған тұжырымды сондай-ақ, мына статистикалық мәліметтерден де аңғаруға болады. Мәселен, кәметке толмағандардың ісі жөніндегі инспекцияларындағы девианттық есепте тұрғандардың 23,5% өз ата-анасымен тұрса, 36% ата-анасы айырылысқан, 27% туған әкесі болмаса, 25 пайызы тек өгей әкесі мен анасы болып, олардың тәрбиесін алған [34, 17 б.]

Көптеген толық емес отбасында кәмет жасқа толмағандарды тәрбиелеу тек бір ананың немесе әкенің үлесіне тиетін болған соң, тәрбиелеу процесіндегі барлық ауыртпалықтар соған ғана түседі. Нәтижесінде отбасындағы тәрбиелік шаралар мен педагогикалық талаптардың құлдырауы пайда болады, балаға деген әлеуметтік бақылау да төмендейді.

Бұл ретте, көп уақытын жұмыста өткізетін, жалғыз басты анары бар отбасы жағдайынан айқын сезіліп тұрады. Анасы жұмыста болған кезде, балалар үнемі өзімен-өзі қалады. Олай болса, балаға анасының көңіл бөлмеуі, уақытының аз болуы, уақыты болған күнде, жұмыстан шаршап келуі қатты әсер етіп, нәтижесінде бала өзіне уақытында қол ұшын созып көмек көрсете алатын адамды таба алмайтын дәрежеге жетеді. Мұндай отбасында бірте-бірте анасының балаға деген ықпалы жоғала бастайды, кейін оның жанұядан бөлінуі басталады.

Ресми статистика бойынша, республикамыздағы жасөспірімдер саны орта есеппен жылына 5 млн.-дай екен. Олардың басым көпшілігі өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы дамыған аумақтарда, ірі сауда орталықтарында, байланыс жүйелері бар жерлерде. Бұл аймақтарда ірі капитал жұмсалады, инвестиция құйылады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылық динамикасындағы теріс үрдістердің күшеюіне коммерцияландыру мен жоғары бағалаумен елеулі дәрежеде бос уақытты өткізу уақытының көптеген нысандарының қол жетімсіздігі, спорт секцияларының, клубтардың, үйірмелердің, музыкалық мектептердің, отбасылық демалыс үйлері мен жазғы сауықтыру лагерлері санының қысқаруы ықпал етеді.

Кәмелетке толмағандар бос уақытын ұйымдастыруда нарықтық қатынастарға көшуге байланысты елеулі қиындықтар туындады. Мәдени-ойын-сауық іс-шараларына арналған бос бағалар билеттердің бағасының өсуіне және аз қамтылғандар үшін олардың қолжетімділігіне әкеп соқты. Бұған дейін үйірмелер, секциялар, балаларға арналған клубтар көп орналасқан және тегін жұмыс істейтін көптеген үй-жайлар коммерциялық құрылымдарға берілген. Әлі жұмыс істеп тұрған шағын үйірмелер мен секциялар ақылы болды. Барлық ата-аналар оларға баруға ақы төлей алмайды. Бұл ретте осы үйірмелер мен секцияларда жұмыс істеу үшін жоғары ақы жиі жалдау ақысын көтереді.

Кәмелетке толмағандардың психикалық тұрғыда аномалиясына байланысты құқық бұзушылықтар жасауы бөлек орын алады. Көп жағдайларда бұл тұқым қуалаушылық немесе өмір сүрудің қолайсыз жағдайларына байланысты болып келеді.

Жалпы кәмелет жасқа толмаған қылмыскер – ол қоғамға қарсы мінез-құлқы, әдеттері қалыптасқан тұлға. Ендеше, кездейсоқ қылмыс жасайтын кәмелетке тұлғалар өте аз.

Қалған кәмелетке толмағандарға келесідей жағдайлар тән болып келеді.

- мас күйінде жүру, яғни алкоголь, есірткі заттарына құмар болу;
- қоғамдық мүліктерге зақым келтіру, азаматтарға себепсіз тиісу, яғни мінез-құлықтық қабылданған жалпы нормаларын ақтамау;
- тұрақты түрде өз үйінен қашып шығу, қаңғыбастық;
- қатыгездік, дөрекілік, зорлық-зомбылық жасауға деген мінез-құлықтың пайда болуы;
- әлсіз адамдардан жазасыз тартып алу әдеттері т.б. жатады.

Ал қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды жынысы бойынша талдайтын болсақ, қылмыстылыққа барған барлық кәмелетке жасына толмағандардың 90-93%-ы ұлдар екендігін көруге болады (2019 жылы барлығы 2824, оның ішінде ер балалар - 2631).

Көп жағдайларда кәмелет жасқа толмағандардың құқық бұзушылықтары кәмелетке толмағандар арасындағы ұйымдастыру және тәрбиелік жұмыстың кемшілігімен түсіндіріледі. Оларға ең бірінші қатарда мыналар жатады: білім беру органдарының жалпыға міндетті білім беру туралы заңның орындалуын қамтамасыз ету бойынша жұмысындағы кемшілік; кәмелетке толмағандар істері бойынша комиссияның ескерту жұмыстарындағы кемшілік; прокурорлық

қадағалау, қылмыстық тергеу, полиция органдарының жұмыстарындағы кемшілік, мектептегі және жұмыс орнындағы тәрбиелік жұмысты ұйымдастырудағы және бос уақытты ұйымдастырудағы кемілік; тәрбиенің жоқтығы, сондай-ақ қолайсыз жағдайларда жүрген балалар мен кәмелетке толмағандарды орналастыру бойынша шұғыл шаралардың жоқтығы т.с.с.

Кәмелетке толмағандардың сананы дұрыс тәрбиелеу қолайсыз отбасылардың азаюының бір құралы болып келеді.

- құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс;
- профилактикалық есепке алу және бақылау;
- арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу;
- тәрбиелік ықпал ету шаралары;
- қорғау нұсқамасы;
- әкімшілік жаза қолдану;
- сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар;
- медициналық-әлеуметтік есепке алу жатқызылған.

Осы орайда, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары осы шаралар қолданылатын кәмелетке толмағандардың жеке ерекшеліктері және олар жасаған құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен деңгейі ескеріле отырып айқындалады».

Осы көрсетілген Заңның нормаларына сәйкес «мүдделі адамдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдану туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін».

Сонымен бірге, «кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары:

- 1) қадағалаусыз және панасыз қалған;
- 2) арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында ұсталатын кәмелетке толмағандарға және олардың түлектеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын;
- 3) адамның психикасына дене мүшесі функциялары мен мінез-құлқына кері әсерін тигізетін алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және өзге де күшті әсер ететін заттарды шамадан тыс пайдаланатын;



- 4) дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын;
- 4-1) өздеріне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған, сондай-ақ әкімшілік жауаптылықтан немесе тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданыла отырып, тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатылған;
- 6) қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде, оның ішінде рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде босатылған;
- 7) қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмауына байланысты немесе психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуының кешеуілдеуі салдарынан қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасаған;
- 8) күзетпен қамауға алуға байланысты емес бұлтартпау шаралары таңдап алынған, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған немесе күдікті болған;
- 9) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;
- 10) жазасын өтеу кейінге қалдырылған немесе үкімнің орындалуы кейінге қалдырылған;
- 11) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған;
- 12) ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған және сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы жазадан босатқан;
- 13) шартты түрде, қоғамдық немесе түзеу жұмыстарына, бас бостандығынан айыруға байланысты емес өзге де жазалау шараларына сотталған кәмелетке толмағандарға қатысты жүргізіледі» [12].

Сондай-ақ, бұл аталған заңнамалық актіде «егер кәмелетке толмағандардың ата-аналары, басқа да заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамаса, олардың мінез-құлқына теріс әсер етсе, оларға қатысты, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдарға қатысты да жеке профилактикасы шаралары жүргізіледі» [12] делінген.

Алайда, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың аталған жалпы шараларының жүйесі, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың арнаулы шаралары да «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңның нормаларында жоқ екенін көрсуге болады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтары профилактикасының жүйесі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңында айқындалған. Осы Заңға сәйкес кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесіне білім беру, денсаулық сақтау органдары, ішкі істер органдары, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар кіреді [12].

Құқық теориясындағы бірқатар еңбектерді зерделеу алдын алу шараларына, олардың түрлері мен тиімдігіне толталған орынды.

Жалпы әлеуметтік шаралар - кәмелетке толмағандар қылмысының алдын алу үшін маңызды болып қарастырылатын жас тобына қолдануға тікелей бағытталған экономикалық, саяси, мәдени-тәрбиелік шаралар ғана емес (жастарды жұмысқа орналастырудың жеңілдетілген шарттары, балалар мен жасөспірімдерді міндетті оқытудың жалпыға бірдей болуын белгілеу сияқты), сондай-ақ жас ұрпақты қалыптастыру үшін жағдай жасайтын осы әсерге қол жеткізетін шаралар да жатады [46, 227]. Жастар арасында қылмысты өткір қоғамдық проблемалар қатарына ұсыну нақ осы жас тобы үшін әртүрлі мазмұндағы жалпы әлеуметтік шаралардың криминологиялық маңызды салдарларын болжаудың бірінші кезектегі қажеттігіне себепші болады.

Үкіметтік құрылымдарды ресми бағалау, криминолог ғалымдар жүргізген кәмелетке толмағандардың қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарына қарсы күреске бағытталған мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар қызметінің көптеген аспектілерін зерттеу тәрбиелік-профилактикалық қызметтің елеулі кемшіліктерін куәландырады, оны түбегейлі жақсарту қажеттігін көрсетеді, осы қызметпен байланысты проблемаларды түсінудің жаңа жолдары мен тәсілдерін іздестіруді талап етеді [44, 141б.]

Қылмыстың жалпы әлеуметтік алдын алу жалпы қылмысқа қарсы күрестің ең тиімді және гуманистік тәсілі болып табылады. Бала кезінен өсіп келе жатқан ұрпақтың әл-ауқаты ең алдымен кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын алдын алудың кез келген бағдарламасының орталығында болуы тиіс.

Құқық ғылымында кәмелетке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы мен оның алдын алу проблемаларын зерттеген Ж.Т. Қарамырзалалпы алдын алуға қатысты өз ой-пікірін білдіреді. Бұл жерде автор жалпы алдын алу шараларын халықтың басым көпшілігінің қайыршылыққа ұшырауы, ал ат төбеліндей адамдардың тікелей қылмыстық іс-әрекеттер жасап, байып кету

процесін тыйып тастау, адал кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау және қылмыстық жолмен түскен табысты заңдастыру әрекетіне қарсы қатаң шара қолдану деп біледі. Бұл аса мұқтаждықтан немесе қолы жүріп тұрғандар қатарына қосылсам ба деп криминалдық әрекетке ниеттенушілерге тосқауыл болады деген.

Автор өз зерттеулерінің нәтижелері бойынша мынадай жалпы алдын алу шаралары жүзеге асыруды ұсынады:

1. Ұтымды экономика, меншік нысанының көртүрлілігі, адамдардың іскерлік белсенділігі, мен ынтасын көтерудің негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыру;

2. Пайдақорлық-зорлық қылмыстарының алдын алуды жалпы қоғамдық деңгейде қарастырғанда Қазақстан үшін өзекті проблема – адамдарды жұмысқа орналастыру проблемасын шешу. Ол үшін әр түрлі мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілердің және қоғамдық ұйымдардың өзара тығыз байланыста болуы шарт.

3. Заңды жалпыға бірдей оқытуды және заңға тәрбиелеуді ұйымдастыру. Оқитын жастардың және басқа да азаматтардың құқықтық оқу жүйесін құру. Халық арасында заңды жан-жақты насихаттау, атап айтқанда, жасалған қылмыс үшін жазаланбай қалмау мүмкін еместігіне көз жеткізу, адамды қастерлеуге, оның жеке басын сыйлауға баулу, заңды, қоғамдық тәртіпті бұзуға болмайтындығын санаға жеткізу. Бұл тұрғыдан алғанда БАҚ-тың рөлі ерекше.

4. Құқық бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту. Әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы көпбалалы отбасыларын, халықтық тұрмысы нашар топтарын мемлекеттік қамқорлыққа алу. Ең төмен табысты және күнкөріс үшін қажетті азық-түлік мөлшерін ауық-ауық қайта қарау» [47].

Қылмыстылықпен күрес қоғамның барлық саясатының: мемлекеттік те, әр түрлі мемлекеттік емес құрылымдар мен азаматтық қоғамның институттарының қызметтінің де ажырамас бөлігі болуға тиіс деп пайымдайды [50].

Қандай да бір қылмыстың алдын алу мақсатында қылмыстық заң жүйесі қылмыскерге немесе азаматқа ықпал жасай алады. Бұл мәселеде маңызды идеологиялық және саяси-әлеуметтік мазмұн бар. Қылмыстық саясат құралдары қылмыстылықтың субъективтік және объективтік себептеріне, оларға мүмкіндік тудыратын жағдайға ықпал жасай алады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының профилактикасы мәселесін жан-жақты, толық шешу үшін белгілі бір жағдайларда баланы теріс жолға түсіретін құбылыстарды болдырмау мақсатында материалдық, ұйымдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған әртүрлі шараларды жүзеге асыру керек.

Мұндай алдын алу шараларының жүйесі жалпы әлеуметтік сипаттағы іс-шараларға негізделген және олар азаматтардың әл-ахуалының, тәрбиесі мен

білімінің, мәдениетінің, биік деңгейде болуын қамтамасыз етуге бағытталған, өзіндік ерекшеліктері бар шаралар болып келеді.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күрес шараларының ерекшеліктері:

- мемлекеттің оқу, тәрбие, емдеу, сондай-ақ құқық қорғау және басқа органдарының, мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен діни конфессиялардың қызметімен қамтамасыз етіледі, ол қызмет республикалық дейгейде де, аймақтық деңгейде де үнемі үйлестіріліп отырады.

- мемлекеттік отбасы, қылмыстық және жастар саясатына сәйкес құрылып іске асырылады, ол саясат балаларға, отбасына әлеуметтік, экономикалық және басқадай көмек көрсетудің, кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығының алдын алудың, олардың отбасындағы қылмыстылықпен күрестің мақсатты республикалық және аймақтық бағдарламасының кешенді іс-шаралары арқылы іске асырылады;

- өзінше заңдық негіз – балалардың өмір сүруі мен тәрбиеленуінің оңтайлы жағдайының болуын, балалардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын, теріс ықпалдардың алдын алуды реттейтін халықаралық, республикалық, конституциялық, және басқадай құжаттар бар;

Көрсетілген шаралар жүйесі материалдық-техникалық жағынан бюджет қаржысынан қамтамасыз етіледі және қажетті ақпараттық-талдау базасына сүйенеді.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алудың маңызды құралы – оларды құқықтық тұрғыдан ағарту және тәрбиелеу. Бұл жұмысты кәсібилігін арттыру, алдын алу жұмысын жүргізу үшін білікті ұстаздарды даярлау, алдын алу жұмысына заңгер, ғалымдарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тарту – қазіргі таңдағы өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Кәмелетке толмағандарға құқықтық ақпаратты жеткізу барынша ерте басталып, балалар және жасөспірімдер психологиясы ерекшеліктерін есепке ала отырып жетімді түрде, эмоционалды тұрғыдан тартымды түрде жүзеге асырылуы керек.

Балалар мен кәмелетке толмағандардың бос уақытын өткізу орталықтарының жұмысын жандандыру керек, себебі олардың әлеуметтік пайдалы, балалардың денесіне, психикасына, ізгілік дамуына оң ықпал ететіндігі дәлелденген.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алуымен айналысатын органдар мен мекемелер жүйесінде Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың орны ерекше, яғни қазіргі таңда кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарымен күресетін криминологиялық профилактиканың әртүрлі субъектілері ішінде ішкі істер органының алатын орны ерекше.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын қылмыстық-құқықтық шаралар арқылы қылмыс жасаған тұлғаларға тиімді ескерту, өскелең ұрпақтың өнегелілік денсаулығын қорғаудың, құндылық бағытта рын, жеке өмірге түсетін қоғам мүшелерінің тәртібін қалыптастырудағы теріс ықпалмен күресудің маңызды шарты болып табылады. Барлық қылмыстағы кәмелетке толмағанның қылмыстылығын, әсіресе, аса ауыр қылмыстардың кейбір түрін немесе кеңінен тараған қылмыстарды есепке ала отырып, бұл бағыт қоғам мүшелерінің қауіпсіздігін, құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын тікелей қамтамасыз ету үшін маңызды орын алады.

Заңдылық базасының жетілмегендігі, құқық бұзудың алдын алу мен ескертудің әрекет ететін шараларының жоқтығы, бос уақытты ұйымдастырудың дамымағандығы мен жасөспірімнің қоғамдық-пайдалы еңбекпен, оқумен қамтылмауы, әлеуметтік тұрмысының нашарлығы, ата-аналары, педогогикалық ұжым мен мектеп тарапынан бақылаудың жоқтығы кәмелетке толмағандар қылмыстылығының өсуіне себеп болып отыр [48].

Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу Кешенді бағдарламасын орындау үшін бірқатар ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралар қабылдау қажет.

Білім беру жүйесіндегі оқу орындарының бірін оқудан, жұмыстан әдейі қашқақтайтын, отбасыдан, балалар тәрбиелеу мекемелерінен жиі кетіп қалатын, қаңғыбастықпен, қайыр сұраумен, ұсақ ұрлықпен және өзге де қоғамға қарсы әрекеттермен айналысатын кәмелетке толмағандар үшін жабық түрдегі арнайы мектепке айналдыру.

Балаларды оқуды міндеттеу бойынша, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының сөзсіз орындалуы бойынша білім беру органдарының жауапкершілігін арттыру, аз қамтылған, көп балалы және тұрмыстары нашар отбасылардан шыққан балаларға ерекше көңіл аудару [49].

Жоғарыда аталған шаралар ата-анасының қарауынсыз қалған кәмелетке толмағандардың қылмыстылық әрекеттерінің жолын кесуге және ондай әрекеттердің қайталану мүмкіндігінің алдын алуға ғана емес, кәмелетке толмағандардың тұрмысын түзетуге бағытталған, оларға қолайлы, барынша үй жағдайларына ұқсас жағдайларды жасауға дабағытталған. Бұл мәселеге қатысты тарихи деректерге көз жүгіртсек.

Отбасында оқымай қалған, жұмысқа тұра алмаған балалардың жағдайы жақсы болмады. Оның үстіне елде маскүнемдік, есірткі қолдану, жезөкшелік, құмар ойын етек алды. Айналысатын нәрсенің болмауы, ұзақ уақыт жұмыссыз жүрудің, салдарынан олардың біразы қайыршылыққа ұшырады, қылмысқа барды. Сондықтан да кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарымен күресу

үшін, бірінші кезекте, аштық және балалардың панасыздығын жою керек болды.

Осыдан, мемлекеттік саясат келешек ұрпақтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға, оларға теріс ықпал етуі мүмкін адамдардың өнегелік-психологиялық және моральдық оқшаулайтын әлеуметтік шаралар жүргізу қажеттігін көздейді. Оны бұл мәселемен айналысып жүрген мамандарда, қоғам да жақсы түсінеді.

Жалпы алдын алу шараларын жүзеге асыру балалардың оң мүдделерін, сабақтан тыс уақытта олардың пайдалы қызметін дамытуға, жасөспірімдердің теріс мүдделерін қайта бағдарлауға жәрдемдесуге тиіс. Девиантты жасөспірімдер үшін олардың әлеуметтік тәжірибе алуы, әлеуметтік құзыреттілік шеңберін кеңейту үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Сондықтан балалар мен жасөспірімдердің жаңа бұқаралық ұйымдарын құруға және дамытуға барынша жәрдемдесу қажет. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын ескертудің жалпы әлеуметтік деңгейі тұрғысынан бүгінгі күні балалар, жасөспірімдер және жастар ұйымдарының тармақталған құрылымының болуы өте маңызды. Олар жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастырмай, өздерінің бейімділігін көрсетуге және қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі іске асыру қажеттілігін қанағаттандыруға, өз мүдделерін жүзеге асыруға мүмкіндік берер еді.

Әрине, мұндай құрылым құру белгілі бір материалдық шығындарды, нормативтік құжаттар кешенін әзірлеуді, ұйымдастыру мәселелерін шешуді талап етеді. Алайда, бұл қажет. Біздің ойымызша, қиын жасөспірімдерді, сондай-ақ кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды бос уақытты өткізудің стандартты түрлеріне тарту оң әсер етер еді.

Осы проблемалардың барлығы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алудың кешенді-мақсатты бағдарламаларына енгізілуі тиіс. Бүгін әлеуметтік жұмыс, мамандардың кәсіпқойлығы саласындағы мемлекеттік стандарттардың тиімді ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметін аттестаттау тәртібін пысықтау алда тұр.

### **2.3. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын алдын алудың арнаулы шаралары**

Алдын алу адамның бойында жалпы адамзаттық құндылықтар, салауатты өмір салты, заңға бағынушылық, жалпы адамдарға, мемлекетке, қоршаған ортаға деген құрмет, мінез-құлықтың реттегіштері мен бағдарларын білдіретін дүниетанымдық түсініктерді қалыптастыруы тиіс.

Яғни, қылмыстылықтың алдын алуға деп қылмыстылықтың себептерін мен болуы мүмкін жағдайларды анықтау мен жою мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың жүргізетін, өзара байланыстағы әртүрлі шараларының жиынтығы деп анықтама беруге болады.

Профессор Е.И. Қайыржанов өз еңбектерінде: «Арнайы ескерту қызметі-қылмыстың жекелеген түрлерінің себептері мен жағдайларын анықтауға және бейтараптандыруға бағытталған әкімшілік-құқықтық, жедел-ізвестіру, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар кешені» деп атап өткен [50, 27 б.]

Арнайы (арнайы-криминологиялық) ескертудің мазмұны кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстардың алдын алуға тікелей бағытталған шараларды құрайды. Олар қылмыс жасаған не оларға тән жеке ерекшеліктеріне байланысты болашақта жасауға қабілетті субъектілерге қылмысты жоятын факторларға ықпал етуге арнайы арналған.

Тәжірибеде профилактиканың мазмұнын шектеулі түсінудің мысалдарын жиі жеткізетіндіктен, жеке тұлғаға әсер ету шараларымен олар таусылмайтынын атап өту қажет. Мысалы, жеке ескерту шараларының тиімсіздігі көбінесе жеке тұлғаның қалыптасуындағы микро орта ықпал ету саласынан айрықшаланады.

Криминогендік факторларды бейтараптандыруға, әлсіретуге, жоюға, сондай-ақ қылмыс жасаған немесе жасауы мүмкін адамдарды түзетуге бағытталған шаралар қылмыстың арнайы-криминологиялық алдын алуды құрайды.

Қылмыстың алдын алудың арнайы-криминологиялық шараларын мемлекеттік органдар, қоғамдық және жеке ұйымдар (бірлестіктер), басқа ұйымдар мен азаматтар жүзеге асыруға тиіс. Олардың қылмыспен күреске арналған мақсаттылығы мен мақсаттылығы бұл шараларды жалпы әлеуметтік қылмыстың алдын алу шараларынан ажыратады.

Қылмыстың алдын алу шаралары өзара шартты және өзара байланысты екенін атап өту қажет. Арнайы-криминологиялық шаралардың әсері, егер олар жалпы әлеуметтік шаралармен толықтырылатын және керісінше жағдайда тиімді.

Бұл ретте, ерте алдын алу шараларына жасөспірімдердің жеке басы мен мінез-құлқына теріс әсер ететін факторлардың әсерін алдын алуға, алдын ала ескертуге, ықтимал теріс әсерлердің көздерін жоюға, әлеуметтік процестердің теріс салдарларын өтеуге бағытталған шаралар жатады. Мысалы, тәрбие жағынан қолайсыз отбасыларды анықтау, отбасылық тәрбиенің кемшіліктерін өтеу, кәмелетке толмағандарды тұрмыстық, еңбекке орналастыруға көмек көрсету, бос уақытты тиімді жұмыспен қамтамасыз ету.

Басқа топ алдын алу сипатындағы шараларды құрайды (тікелей ескерту). Олардың кешені кәмелетке толмағандарға мақсатты тәрбиелік және қайта

тәрбиелейтін ықпал ету жөніндегі іс-шараларды құрайды, олардың мінез-құлқы болашақта қылмыс жасау қауіптілігін айғақтайды, жасөспірімдерге теріс әсер ететін адамдардың іс-әрекеттерінің жолын кесу, кәмелетке толмағандардың моральдық және құқықтық нормаларды бұзуына әкеп соққан факторларды жою жөніндегі іс-шараларды құрайды. Бұған, мысалы, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі ПО бөлімшелері тарапынан құқық бұзушы жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылау шаралары; балаларға теріс әсер ететін немесе тәрбие міндеттерін орындаудан жалтаратын ата-аналарға қолданылатын шаралар; кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар құқық бұзушы жасөспірімдерге қолданатын тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары жатады.

Жоғарыда атап өткендей, Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңымен [12] реттеледі.

Осы ретте, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңымен құқық бұзушылық профилактикасы жалпы, арнаулы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылатыны анықталғанмен, көрсетілген заңнамалық актіде құқық бұзушылық профилактикасының арнаулы шаралары алдын алу шараларының жүйесінде көзделгенмен, заң нормасынан алып тасталынған (22-б). Осы тұрғыда, заң нормаларын ретке келтіру қажеттілігі туындап отыр.

Алайда, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың аталған жалпы шараларының жүйесі, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың арнаулы шаралары да «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңның нормаларында жоқ екенін көрсуге болады.

Бұл орайда, Ресей Федерациясының заңнамасын зерделеу кезінде кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының профилактикасын реттейтін «Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесінің негіздері туралы» 1999 жылғы 24 маусымдағы №120-ФЗ Федералдық заңының нормаларына салыстырмалы түрде сай келеді.

Ал, Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген құқық бұзушылықтың алдын алудың арнайы шараларын құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілері және олардың лауазымды адамдары құқық бұзушылықтарды не оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ мінез-құлқы құқыққа қарсы немесе қоғамға жат сипаттағы адамдарды немесе құқық бұзушылық жасауға ниет білдірген адамдарды анықтаған кезде қолданады. Соттың шешімі немесе осы Федералдық заң көрсетілген құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің бірінің шешімі құқық бұзушылық



профилактикасының арнайы шараларын қолдануға негіз болып табылады баяндалған [41].

Қазақстан Республикасы тиісті заңнамасының осындай толықтыру енгізу қажет деп санаймыз.

Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың аталған жалпы шараларының жүйесі де, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың арнаулы шаралары да «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңның нормаларында жоқ екенін көруге болады.

Бұл орайда, Ресей Федерациясының заңнамасын зерделеу кезінде кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының профилактикасын реттейтін «Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесінің негіздері туралы» 1999 жылғы 24 маусымдағы №120-ФЗ Федералдық заңының нормаларына салыстырмалы түрде сай келеді.

Ал, Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген «құқық бұзушылықтың алдын алудың арнайы шараларын құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілері және олардың лауазымды адамдары құқық бұзушылықтарды не оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ мінез-құлқы құқыққа қарсы немесе қоғамға жат сипаттағы адамдарды немесе құқық бұзушылық жасауға ниет білдірген адамдарды анықтаған кезде қолданады. Соттың шешімі немесе осы Федералдық заң көрсетілген құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің бірінің шешімі құқық бұзушылық профилактикасының арнайы шараларын қолдануға негіз болып табылатыны» баяндалған [41].

Қазақстан Республикасы тиісті заңнамасының осындай толықтыру енгізу қажет деп санаймыз.

Жоғарыда атап өткендей, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтары профилактикасының жүйесі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңында айқындалған. Осы Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес «кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесіне ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдары, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар кіреді» [12].

Осы тұрғыда, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және

панасыз қалуының алдын алу туралы» заңымен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің функциялары және өкілеттіктері белгіленген.

Осылайша, «жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

- жергілікті бюджеттерді кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасына арналған шығыстар бөлігінде бекітеді және олардың атқарылуын бақылайды;

- кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың құрамын бекітеді;

- Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сонымен бірге, жергілікті атқарушы органдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы өз жұмысын жергілікті мемлекеттік басқару деңгейлеріне сәйкес және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген құзыреті шегінде ұйымдастырады.

Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар:

- кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

- кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан, ал облыстық, қалалық, аудандық - қалада, аудандық комиссиялар тиісті жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жанынан құрылады.

- Қажет болған жағдайда кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия аудан орталығынан едәуір қашықтықта орналасқан кент, ауыл, ауылдық округ әкімі жанынан құрылуы мүмкін. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның аудандық комиссияның құқықтары мен міндеттері болады. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі кенттік, ауылдық, ауылдық округтік комиссияны құру туралы шешімді облыс әкімдігі қабылдайды, ал оның дербес құрамын тиісті ауданның мәслихаты бекітеді.

- Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және

хатшы құрамында құрылады. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқаратын кенттік, ауылдық комиссияны және ауылдық округ комиссиясын қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары комиссия төрағасы болып табылады. Хатшы тиісті мемлекеттік органның аппаратында штаттық лауазымды атқарады».

- Бұр тұрғыда, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасына мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

- Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның міндеттері мен құзыреті заңдарда нақты белгіленген.

- Сонымен қатар, 2007 жылдан бастап кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия, ал 2008 жылдан бері жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру жетекшілерінің республикалық кеңесі жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдардың консультативтік-кеңесші кеңесі 2011 жылдан бастап жұмыс істейді.

Мүдделі мемлекеттік органдар, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті және үкіметтік емес ұйымдар және арасында жүйелі ақпараттық алмасу жолға қойылған.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия саналады.

Бұл ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан, ал облыстық, қалалық, аудандық жерлерде комиссия жергілікті атқарушы органның жанынан құрылады.

«Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар өз құзыреті шегінде:

- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу,

кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- мемлекеттік органдардың кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді;

- баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, күтіп-бағу жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;

- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың жай-күйін зерделейді және осы мәселелер бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

- баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар желісін дамытуға жәрдем көрсетеді және олардың қызметінің мониторингін қамтамасыз етеді;

- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтап қорытады және таратады, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

- мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру жөнінде жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдайды және жетекшілік ететін мәселелер бойынша олардың арасында ақпарат алмасуды ұйымдастырады;

- кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысады;

- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған не арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыста орналастыруда, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де функцияларды жүзеге асыруда мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді;

- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы жөнінде жүргізілген жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастырады;

- кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған комиссиялардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

- кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған комиссиялардың қызметін үйлестіреді» [12].

Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларды құру тәртібі және олардың қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

Бұл заңнамалық актіге сәйкес «денсаулық сақтау органдарымен мына шаралар ұйымдастырылады:

- кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің арасында санитарлық-гигиеналық білімді таратуды, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауды;

- кәмелетке толмағандар арасындағы маскүнемдік, нашақорлық пен уытқұмарлық және осыған байланысты олардың мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың профилактикасы жөніндегі іс-шараларды әзірлеп, іске асыруды;

- ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған үш жасқа дейінгі адасқан, тастанды және басқа да балалардың тәулік бойы қабылдануын және бағып-күтілуін;

- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің мемлекеттік органдары мен мекемелеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне консультациялық көмек көрсетуді;

- алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық мас болу күйіндегі кәмелетке толмағандарды тәулік бойы қабылдауды және оларға медициналық көмек көрсетуді;

- мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мамандандырылған диагностикалық және емдеу-қалпына келтіру көмегін көрсетуді;

- кәмелетке толмаған адамға оның жеке басы туралы деректерді нақтылау және оны оңалту жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды дайындау мақсатында оған әлеуметтік-психологиялық зерттеп-қарау жүргізуді;

- қылмыстық қудалау органына және сотқа кәмелетке толмаған адамға жүргізілген әлеуметтік-психологиялық зерттеп-қарау туралы есепті

(баяндаманы) ұсынуды және кәмелетке толмаған адамды әлеуметтік-психологиялық қолдау картасын жасауды;

- белгіленген тәртіппен арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандардың денсаулық жағдайы туралы қорытындылар әзірлеуді;

- алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және адамның психикасына және дене мүшесінің функциялары мен мінез-құлқына теріс әсерін тигізетін өзге де күшті әсер ететін заттарды құмарлықпен салынып пайдаланатын кәмелетке толмағандарды анықтауды, есепке алуды, тексеруден өткізуді және медициналық әлеуметтік оналтуды;

- жыныстық жолмен берілетін аурулардың көздерін анықтауды, осындай аурулармен ауыратын кәмелетке толмағандарды тексеруден өткізуді және емдеуді;

- кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларға кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың, уытқұмарлықтың және маскүнемдіктің таралуы, сондай-ақ осы бапта аталған функцияларды жүзеге асыратын денсаулық сақтау мекемелерінің орналасқан жері, олардың қызметтерінің мүмкіндіктері мен нәтижелері туралы хабарлауды;

- Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруды ұйымдастырады» [12].

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының профилактикасын іске асыруда ішкі істер органдарының атқаратын рөлі зор.

Осылайша, «ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде:

- кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін анықтайды, есебін жүргізеді және оларға қатысты жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

- кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, оқу, тәрбие және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге де мекеменің басқа да қызметкерлерін анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады;

- кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға

- итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды рәсімдеуге жәрдемдеседі;

- арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;

- пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандардың өмір салтына және мінез-құлқына бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

- балаларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына кері әсер ететін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының тәртібімен жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталған әйелдерге қатысты материалдарды дайындайды;

- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

- кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдемдеседі;

- он сегіз жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстайды» [12].

Бұл ретте, қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі

- кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, сондай-ақ уақтылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды жеткізеді;

Осы орайда, аталған заңға сай «білім беру органдарының құзыретіне мыналар жатқызылған:

- арнаулы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

- дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

- кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді;

- дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді түрде тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелеу нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикасы шаралары жүргізуге қатысады;

- жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады;

- пробация қызметі әзірлеген әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарға орта білім алуға көмек көрсетеді» [12].

Зерттеулер көрсеткендей, кәмелетке толмаған қылмыскерлердің ата-аналары үшін әдеттегі мәдениеттің төмендігі, педагогикалық сауатсыздық, өзімшілдік және ашкөздік тән. Мұндай отбасыларда жиі балалар зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке ұшырайды. Осыған байланысты кәмелетке толмаған баланың отбасында алдын алу шараларының жүйесі маңызды мәнге ие болады, оны барлық аспектілерде зерделеу қажет. Сонымен қатар, психология және психиатрия саласындағы жұмыс тәжірибесін ескеру, басқа білім саласынан алынған мәліметтерді, сондай-ақ ішкі істер органдарының тәжірибесін пайдалану қажет.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тартатын ересек адамдарды анықтау бойынша іс-әрекеттің ерекше маңыздылығын атап өту қажет. Оларды дер кезінде анықтау дайындалып жатқан қылмыстың алдын



алуға немесе қылмыстық әрекеттің жолын кесуге мүмкіндік береді. Қылмыстық әлем жасаған қылмыстық романтиканы бұзу маңызды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі құқық тәртібін нығайту және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Профилактикалық жұмыс қылмыстық бейімділіктің пайда болуы мен өсуіне әсер етеді. Сондықтан құқық бұзушылықты азайту осы жұмыстың тиімділігіне тікелей байланысты.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының профилактикасы ішкі істер органдары қызметіндегі маңызды бағыты болып саналады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты тергеулік алдын алудың топтық қарым-қатынас және топтық құқық бұзушылыққа көп бейімділігінен шығатын белгілі бір ерекшеліктері бар.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстылықты тергеу ІІМ құзіретіне жатады, ол яғни жасалған құқық бұзушылықты анықтау мен тексеру жөніндегі күшті бір ғана ведомствоның шеңберінде шоғырландыруды ғана мақсат етіп қоймайды, сондай-ақ олардың алдын алу жұмыстарын белсендендіре түседі. Осы мемлекеттік маңызы бар міндетті шешу көбіне ішкі істер органының тергеушілері алдын алу шараларын жүзеге асыру әдістемесін қаншалықты игергеніне, ішкі істер органдары қызметінің барлығының өзара ықпалдастығының нақтылығына байланысты.

Жоғарыда айтылғандай, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының негізгі себептерінің бірі – маскүнемдік. Бірақ, кәмелетке толмағандар масандану жағдайында жасаған қылмыстар туралы істерді тергегенде, тергеушілер кәмелетке толмағандардың спиртті ішімдіктерді пайдалануға және оларды ішімдік ішуге тартқан үлкендердің рөліне байланысты жағдайлар әрдайым көңіл аудара бермейді.

Кәмелетке толмаған соның әрекеттік тәуелділігінде болған, кәмелетке толмағанды масандық жағдайға дейін жеткізген тұлғаны соттаудың бірде бір жағдайы болмағанын атап өткен маңызды. Кейде жекелей тергеушілер алғашқы материалдарды терең зерттемей, шағын құқық бұзушылықтар үшін іс қозғайды немесе жасаған әрекетінің сипаты бойынша және кінәлі жасөспірімнің жеке тұлғасын есепке ала отырып, қылмыстық жаза қолданбай жасөспірімнің түзеліп кетіп жатқан оқиғалары да кездеседі.

ҚР ІІМ жарлықтарына сәйкес ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін тергеушілерімен, қылмыстық іздестіру органдарының қызметкерлерімен және кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекциямен қызметтік дайындық жүйесіндегі сабақтарда кәмелетке толмағандардың қылмыстары, оларды қылмыстылық және өзге де қоғамға

қарсы әрекетке тартуды анықтау және тексеру туралы әдістемелер мен тәсілдер ұйымдастырылды [51].

Ересек адамдарме бірігіп топта қылмыс жасаған кәмелетке толмағанның одан кейінгі тағдырына көңіл аудару қажет, бұл онымен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстың сапасын арттырады және сонымен бірге оның тарапынан болатын жаңа қылмыстардың алдын алады, оның түзетілуі мен қайта тәрбиеленуімен айналысатын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар қызметінің тиімділігін арттырады.

Қылмыстық-процессуалдық заң тергеушіні, анықтау органдарын, прокурорды және сотты тергеу және соттық істі қарау үрдісінде қылмыстылық жасауға мүмкіндік берген себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жоюға шаралар қолдануға міндеттейді. Осындайлардың негізгілерінің бірі – кәсіпорын, мекеме мен ұйымдардың басшыларына тергеу барысында анықталған қылмыстылық жасауға мүмкіндік беретін себептер мен жағдайларды жою үшін шаралар қабылдау туралы ұйғарым жіберу. Алдын алу қызметінің осындай түрін тергеушілер кәмелетке толмағандар істері бойынша да қолданып жүр.

Республиканың барлық облыстарын алынған кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстылықтар туралы істер бойынша алынған 200-ден астам ұсынысты зерттегенде, кең тараған кемшіліктердің бірі, тергеуші өз ұсынысында кәмелетке толмаған жасаған қылмыстылық туралы ғана айтады және қылмыс жасауға себепкер болған нақты себептер мен жағдайлар туралы айтпайтындығы.

Ұсынысты зерттеу кезінде кәмелетке толмағанның қылмыстылық жасауға итерген себептердің бірі үлкендер жағынан болған арандатушылық болып табылатындығына көз жеткіздік. Ұсыныстардың бірқатарынан жасөспірім қылмысты үлкендер тобымен бірлесіп немесе жасөспірім қылмыс жасауға «дайын болған» кезде (ата-анасының маскүнемдігі, жасы үлкен туыстары жасөспірімді кемсіткенде, төмендеткенде т.с.с), үлкендер қылмыс жасауға жағдай дайындаған кезде жасағанын көреміз. Бірақ тергеушілер өз ұсыныстарында кәмелетке толмағанның құқық бұзуына мүмкіндік жасаған жағдайды толық көлемде көрсетпейді, ал бұл болса өндірістің, мекеменің, ұйымның басшыларына олардың себептері мен жағдайларын толық жоюда қиындық туғызады.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығын тергеуді тиісті деңгейде ұйымдастыру, жасалған қылмыстарды жан-жақты, объективті ашудың, алдын алу шараларының дер кезінде қолданылуының маңызды шарты болып табылады. Сонымен қатар, бақылаусыздықпен күрес және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда ішкі істер органындағы кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекцияға маңызды рөл

берілген, олар жүйелі, бағытты алдын алу қызметін ұйым дастырып, жүргізіп отырады.

Кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекция кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтар мен құқық бұзушылықтардың ескерту бойынша, кәмелетке толмағандардың құқықтарын, мүдделерін, бостандықтарын қылмыстық озбырлықтан қорғау міндеттер атқара отырып, келесі шараларды жүзеге асырады:

- қоғамға қарсы әрекеттер мен қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандармен, балаларын тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамай немесе өз тәртіптерімен жасөспірімнің тәрбиесіне теріс ықпалын тигізіп отырған, олардың ата-аналарымен немесе олардың орнындағы тұлғалармен алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша;

- тәрбие жұмыстары мен ертерек алдын алуды жетілдіру мәселелері бойынша сәйкес мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға ұсыныстар дайындау; алдын алу үрдісіне қоғамдық құрылымдарды, студенттерді, соғыс және еңбек ардагерлерін пайдалануды жақсарту; кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың еңбек және тұрмыстық жағдайына көмектесу т.с.с бойынша;

- топтық және қайталап жасалатын қылмыстылықты ескерту мәселелері бойынша тәрбиелеу колонияларымен, жабық түрдегі арнайы оқу орындарымен, ішкі істер органдарының құрылымдарымен, сотпен, прокуратурамен өзара әрекеттесу бойынша;

